Мысалы, Харьковтағы вагон-құрылыс зауытында жолаушылар вагондарының жүріс бөлшектерінің техникалық жағдайына бақылау жүргізетін автоматтандырылған жүйе (БЖАЖ) жасалынуда. БЖАЖ кешені жүрістің тұрақтылық көрсеткіштерін бақылауға, жолаушылар вагондары қозғалысының беріктілігіне және басқа да жағдайларда жүріс бөліктерінің техникалық жарамдылығының кемшіліктерін нақты, әрі шұғыл анықтауға арналған. Арнайы құрылғы датчиктер вагонның механикаландырылғын бөліктерінде орналастырылады. Датчик құрылғылары жүрістің жұмсақтығын, буксты түйіспедегі температураны, арбашаның беріктілігін, тежеуіштердің жұмысын, жолдардың жағдайын тұрақты түрде бақылауға мүмкіндік береді. Өлшеулер вагон қозғалысының жылдамдығына, жолдарға, нақты уақытқа байлануымен жүргізіледі.

Табан ені тар жолға базалық нұсқа ретінде польшалық мамандардың жасаған SUW-2000 муфталық жылжымалы доңғалақ жұбы таңдалынды. Тәжірибелердің қорытындылары бойынша Польша мен Украина теміржолдарында осындай доңғалақтармен жабдықталған Львов-Краков бағытында жолаушылар пойызы графикке енгізілген бойы пайдалануға берілді.

Муфталық доңғалақ жұбының ішкі бөлігінде доңғалақты автоматты түрде вагонның стандартқа сай табан ені 1520 мм немесе 1435 мм жолда тұруына қарай блоктайтын муфта орналасады. Вагонның өтпелі жолдық құрылғыдан өтуі кезінде муфта құрылғының тиісті бөлігімен қатынасады және ось бойынша бір доңғалақтың қозғалысын жасау үшін бірнеше уақытқа блоктан шығарады. Өтпелі құрылғының келесі бөлігін өту кезінде берілген доңғалақ қозғалған соң муфта оны жаңа қалпындағы осьте блоктайды.

Содан кейін дәл осындай операциялар басқа доңғалақпен орындалады да, табан енінің өлшемі автоматты түрде өзгеруі аяқталады.

Қарапайым доңғалақ жұптарымен салыстырғанда доңғалақтардың осьпен байланысу беріктігі төменірек, сондықтан осьтің ортаңғы жағындағы бөлігінде бекітілетін тежеуіш дискілері қолданылады. Өтпелі жолдық құрылғы SUW-2000 жылжымалы доңғалағымен өзара байланысы кезінде олар блоктан шығарылып, ось бойынша кезекпен орын ауыстырады. Сондықтан ось әрқашан бір болса да доңғалақпен байланыста болады және буксық мойын тірек үздіксіз жұмыс жасайды.

Муфта қаңқасында осьте қозғалмайтындай етіп орналасқан жеке күпшек бар. Сыртқы қоқыстар мен ылғалдылықтан қорғану үшін муфта ішкі және сыртқы резиналық шаңтазалағышпен қамтамасыз етілген. Бұл ось пен доңғалақ арасындағы айналмалы кеңістікке қойылған арнайы пластикты төлке жұмысын жақсартады. Төлке доңғалақтың ось бойынша сырғанап кету жағдайы мен бетінің үйкелістірудің интенсивтілігін азайтып, ол пайдалану ауырлығын бір уақытта доңғалақтан оське қарай ауысуына мүмкіндігін береді.

Өтпелі жолдық құрылғының мойынында жолдың табан енін біртіндеп ауыстыратын рельстері бар. Доңғалақтардың блоктан шығарылуы кезінде рельстен ауытқып кетпеуі үшін контррельстер қолданылады. Доңғалақ жұбы муфтасының кілттенуін, қосылуы мен өшірілуін кезекпен орындалатын басқарушы балкалар жасайды. Сол жақтағы балкада жүрістегі муфтаның пружинасын қысатын жоғарғы жұмыс кертік бар. Соған байланысты кезекті жоңғалақ блоктан шығады. Сол уақытта қарама-қарсы доңғалақ блокта тұрады және буксық мойын тірек ось бойынша айналады.

Табан енін автоматты түрде реттеу шекаралық стансаларда бір табан енінен екіншісіне қайта қою жүйесі ретінде бір осьті доңғалақтар арасындағы қашықтықты қзгертуге мүмкіндік береді. Осы жүйенің қолданылуы кезінде блоктан шығарылған доңғалақ арнайы рельстер арқылы доңғалақтың қырындағы орнатылған рельске қарай жылжып отырады. Себебі бір осьті доңғалақтар арасындағы қашықтықты рельс арасындағы қашықтықпен бірдей жасауға мүмкіндік береді.

Бұл жүйе ең алдымен жолаушылар және жүк вагондарының арбашаларын табан ені басқа жолға ауыстыру жұмыстарынан босатады. Польшалық SUW-2000 жүйесі теміржол желісін еуро-азиялық көліктік дәліздерге енгізілуіне мүмкіндік береді. Және олардың халықаралық дәрежеде қолданылуын кеңейтеді. Польшалық ғалымның бұл жүйесінде шешімін тапқан басты жағдайы – жанасатын темір бөліктеріндегі тоттануды болдырмау жолдарын қарастыру болды. Және де басты жеңісі – тежеуіш дискілерінің болуы. Испандық доңғалақ жұптарын бұл жүйеден 7 есе қымбат, ал өтпелі құрылғылары 40 есе қымбат.

ӘДЕБИЕТ

1. Закон Республики Казахстан №266-11 «О железнодорожном транспорте» от 8.12.2001.
2. Служебная инструкция к Соглашению о международном железнодорожном грузовом сообщении. Официальное издание. М, 1998.
3. Правила перевозок грузов. Алматы, Медиа-Транспорт, 2005.
4. Достық стансасының технологиялық үрдісі.
5. Ғаламтор желісі.

ПОДСЕКЦИЯ «ЭКОНОМИКА И УПРАВЛЕНИЕ: АНАЛИЗ ТЕНДЕНЦИЙ И ПЕРСПЕКТИВ РАЗВИТИЯ»

ӘОЖ 658.800 92:378(5845)

Салимбаева Р.О. – э.ғ.к., доцент, Тынышбаев атындағы Қазақ Көлік және Коммуникациялар Академиясы (Қазақстан, Алматы қ.)

Төремұратова Г. – студент, Тынышбаев атындағы Қазақ Көлік және Коммуникациялар Академиясы (Қазақстан, Алматы қ.)

ТАСЫМАЛДАУДАҒЫ БУХГАЛТЕРЛІК БАСҚАРУ ЕСЕБІНІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘНІ

Басқару есебі-экономикалық субьектіні жоспарлау, бақылау, және басқару іс – әрекетін реттеу мен шешім қабылдау процесі арқылы басқару. Басқару есебінің мазмұнын жалпылай алсақ екі топқа бөлінеді:өндірістік ресурстар шаруашылық процестері мен олардың нәтижелерін біріктіруге болатын өндірісті басқарудың бүкіл циклі процесіндегі обьектілердің жиынтығы жатады. Өндірістік ресурстар кәсіпорынның шаруашылық қызметі барысында адам еңбегінің мақсатқа сәйкестілігін қамтамасыз ету. Басқару есебінде жауапкершілік орталығының 4 түрі атап көрсетіледі: шығын орталығы; кіріс орталығы; пайда орталығы; инвестиция орталығы.

Шығын орталығы-өндірістік ресурстардың шығындарын байқау, бақылау, басқару сондай-ақ оларды пайдалануды бағалау мақсатымен мөлшерлеу, жоспарлау, және өндіріс шығындарды есептеуді ұйымдастыратын кәсіпорынның құрылымдық бөлімі. Кіріс орталығы-жауапкершілік орталығы мұнда менеджер кірістерді алу үшін жауап береді, бірақ шығындар үшін (мыс: сауда ұйымының көтерме сауда бөлімі және т.с.с) жауап бермейді, оның басшыларының іс-әрекеті алынған кірістер негізінде бағаланады.

Инвестиция орталығы – кәсіпорын сегменттері, бұлардың менеджерлері өз бөлімшелерінің шығындары мен кірістерін бақылап қана қоймайды, басқа орталық басшылары шұғылданбайтын, инвестицияланған қаржыны тиімді пайдалануды да қадағалайды.

Басқару есебінің мәні – шығындар мен кірістерді , мөлшерлерді жоспарлауды, бақылауды және кәсіпрорынның болашақ даму мәселелерін үйлестіру мен шұғыл басқару шешімдері үшін ақпаратты жүйелендіретін талдауға есеп жүйесін біріктіріп кіріктіру.

Басқару есебінің обьектілері, тәсілдері мен міндеттері. Бухгалтерлік басқару есебінің «контроллинг» жүйесіндегі орны. Басқару есебінің обьектілері ұйым мен оның бөлімшелерінің шаруашылық қызметінің қорытындылары мен шығындары ,баға белгілеу, бюджеттеу және ішкі есеп беру болып табылады.

Басқару есебінің өрісі-есеп беру орталықтарының (ұйым сегметінің) өндірістік іс-әрекеті, сондықтан басқару есебін кейде жауапкершілік орталықтары жөніндегі есеп немесе сегменттік есеп деп те атайды. Сегменттік есеп-ұйымның жеке құрылымдық бөлімшелерінің қызметі туралы ақпаратты жинау, көрсету және жинақты қорыту жүйесі. Басқару есебінің тәсілдері: құжаттама-кәсіпорынның өндірістік қызметін жеткілікті дәрежеде толық көрсететін алғашқы құжаттар мен ақпараттық машиналық ақпараттар; түгендеу-обьектінің жүзіндегі жағдайын, сондай-ақ есептік мәліметтерден ауытқушылықты, есепке алынбаған құндылықтарды ,шығындарды ,кем шығуды, ұрлықты анықтау тәсілі. Бақылаушы шоттар-сол кезең операцияларының жиынтық сомасы бойынша жазбалар жасалатын жиынтық шоттар. Мөлшерлеу-ресурстардың барлық түрлерін тиімді пайдалану мен шығындарды өнімге айналдыратын ең өнімді

жолдарды іздестіруді қамтамасыз ететін оңтайлы нормалар мен нормативтерді ғылыми негізделген есептеу процесі. Ынталандыру-кәсіпорынның мақсаты мен міндеттерін анықтауға,осы мақсаттарға сәйкес шешімдерді қабылдауға жетелейтін өндірістік процеске қатысушыларды дәлелдеу (мотивация) құралы[1].

Басқару есебінің негізгі мақсаттары мен міндеттерін осылайша тұжырымдауға болады:

- шығындар мен кірістердің біріккен есеп жүйесін құру;
- шығындарды мөлшерлеу;
- шығындарды жоспарлау, бақылау, талдау;
- бюджеттеу;
- баға белгілеу үшін негізді қамтамасыз ету ;
- жедел басқару шешімдерін қабылдауда қаржылық менеджерлерге ақпараттық көмек беру;
- кәсіпорын дамуының ең тиімді жолдарын таңдау.

Басқару есебінің мәні мен мақсаттары: басқару есебінің басты мақсаты-әрбір ұйымдағы экономикалық процестердің мәнін дұрыс ұғыну және экономикалық ақпаратты уақытында ұсыну, сонымен қатар басшыға немесе менеджерге кеңес беру; басқару есебінің «есептік-ақпараттық» бағытын О.Е.Николаева мен Т.В.Шишкова былай деп көрсетеді: «Кәсіпорынның барлық ішкі басқару деңгейінде басшылар қолдану үшін, басқару есебі барлық есептік ақпараттар түрін қамтиды».



Басқару есебінің құрамдас бөліктері мен принциптері. Басқару есебінің жүйесін жасағанда әрбір саланың тиімділігін анықтаумен бөлінгісіз байланыстағы іс-әрекет өрістері бойынша шығыстарды есептеунегіз қалаушы белгі болып табылады.

Басқару есебін ұйымдастыруға деген мұндай көзқарас оның құрамдас бөлігі ретінде бөлінуіне жол береді:

- жабдықтау-дайындау қызметі;
- өндірістік қызмет;

• қаржылық-өткізу қызметінің есебі;

• ұйымдастыру іс –әрекетінің басқару есебі.

Басқару есебінің принциптеріне мыналар жатады:кәсіпорын қызметінің үздіксіздігі, жоспарлау мен есептеу үшін кәсіпорын бөлімшелерінің іс-әрекет нәтижелерін бағаларын өлшеу бірдей бірлігін пайдалану, басқару мақсатымен алғашқы және аралық ақпараттың жалғастығы, сабақтастығы және бірнеше рет пайдалану, ішкі есеп беру көрсеткіштеріне басқару деңгейлері арасындағы қатынастың байланыс негізі ретінде қалыптастыру,шығындарды, қаржыны, коммерциялық қызметті басқарудың бюджеттік (сметалық)тәсілдерін қолдану,есеп обьектілері туралы тура ақпаратты қамтамасыз етудің толықтығы мен талдаушылығы, есеп саясаты белгіленген кәсіпорынның өндірістік және коммерциялық циклдерін көрсететін мерзімділік. Басқару есебінің негізгі категориялары. Басқару есебінің функцияларына мыналар кіреді:шығындарды жоспарлау, келешекте өндірілетін өнімнің өзіндік құнын, сатудан түсетін табысты анықтау, маржиналдық табысты анықтау, кезеңдік жоспарлау, бюджеттеу, бақылау, бағалау үшін ішкі есепті жасау,стандарттық жағдайлар туғанда фирма саясатын таңдау туралы шешім қабылдау, есептіліктерге шығындарға бақылау жүргізу, алынған ақпараттарды негізге алып, басқарушылық сараптамаларын жүргізу.

Тасымалдау процесіне қатысушының қауіпсіздікті басқару жүйесі мынадай қағидаларды сақтай отырып әзірленеді: тұтынушыға бағдарлану; басшының көшбасшы болуы-басшы тасымалдау процесіне қатысушы қызметінің мақсаттары мен бағыттарының біртұтастығын қамтамасыз етеді, қауіпсіздік бойынша мақсаттарға қол жеткізуге қызметкерлер тартылған ішкі ортаны құрады әрі қолдайды; барлық деңгейдегі қызметкерлерді тарту; процестік тәсілді пайдалану-тасымалдау процесіне қатысушының қызметіндегі процестерді айқындау және оларды тиімді басқару; жүйелік тәсілді қолдану-өзара байланысқан процестер жүйесін басқару; қызметті тұрақты жақсарту; деректер мен ақпаратты талдауға негіделген шешімдерді қабылдау; тасымалдау процесіне қатысушы мен оның жеткізушілермен өзара табысты қарым-қатынастарды дамыту[2].

Қозғалыс қауіпсіздігін басқару жүйесі қолданылатын сала басқарушылық және өндірістік процестерді қамтиды және тасымалдау бойынша көрсетілетін қызметтерді пайдаланушылар мен вагондар операторларын қоспағанда,барлық тасымалдау процесіне қатысушыларға таралады.

Тасымалдау процесіне қатысушының қауіпсіздікті басқару жүйесінің қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі тасымалдау бойынша көрсетілетін қызметтерді пайдаланушылар және вагондар операторларын қоспағанда, тасымалдау процесіне қатысушының қауіпсіздікті басқару жүйесінің осы қағидаларда белгіленген тәртіпте берілген теміржол көлігіндегі қауіпсіздік қағидаларына сәйкестігін куәландыратын құжат болып табылатын , қауіпсіздік сертификатымен расталады[3].

ӘДЕБИЕТ

1. НазароваВ.Л., ЖапбархановаМ.С., ФурсовД.А., ФурсоваС.Д. Басқару есеп:Учебник-Алматы: Экономика, 2011.

2. ТайгашиноваК.Т. Басқару есебі: Алматы, «LEM баспасы» ЖШС, 2011.

3.Статистика KZ.

ӘОЖ 658.800 92:378(5845)

Салимбаева Р.О. – э.ғ.к., доцент, Тынышбаев атындағы Қазақ Көлік және Коммуникациялар Академиясы (Қазақстан, Алматы қ.)

Сарсенбек Е.Т. – студент, Тынышбаев атындағы Қазақ Көлік және Коммуникациялар Академиясы (Қазақстан, Алматы қ.)

ТАСЫМАЛДАУДАҒЫ БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНС

Баланс сөзі латын тілінен аударылғанда теңдікті,теңдестікті немесе қандай да бір қызметтің тараптары арасындағы қатынастың сандық көрсеткішін білдіреді. Ақпараттарды баланстық жинақтау есепте, қаржы-шаруашылық қызметті талдауда,басқару шешімдерін негіздеу мен қабылдау үшін, кәсіпорындардың,ұйымдардың нарық экономикасында бағыт алуы үшін кеңінен қолданылады. Баланстың негізінде кәсіпорында бар қорлар,олардың жағдайы туралы,құрамы мен орналасуындағы өзгерістер,сондай-ақ олардың пайда болу көздері туралы мәліметтер алады. Бұл мәліметтер белгілі бір күнге жалпы ақшалай көрсеткіштермен берілген.

Сонымен, бухгалтерлік баланс кәсіпорынның мүлкін ақшалай бағамен белгілі бір сәтке екі топпен: орналасуы мен пайдаланылуы бойынша және олардың пайда болу көздері бойынша жалпылай көрсетудің әдісі болып табылады. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 03.03.94 ж. № 10-/1143 хатына сәйкес кәсіпорындар мен ұйымдар меншік нысаны мен қызметінің түрлеріне қарамастан тоқсан сайын есепті кезең аяқталған бойда 30 күннен кешіктірмей бухгалтерлік балансты жасайды.

Сыртқы түрі бойынша баланс кесте болып көрінеді де, оның сол жақ бөлігінде мүліктер құрамы мен орналасуы бойынша, яғни баланс активі көрсетіледі. Оң жақ бөлігінде осы мүліктердің қалыптасу көздері, яғни баланс пассиві көрініс табады.

Актив пен пассив жиынтықтарының арасында теңдік болуы тиіс. Мұның өзі баланстық активі мен пассиві қорлардың сол бір ғана жиынтығын еки түрлі топтарда көрсетілетіндігімен түсіндіріледі.

Баланстық бап бухгалтерлік баланстың негізгі элементі болып табылады. Ол мүліктердің, міндеттемелердің, міндеттемелердің түріне, мүліктердің қалыптасу көздеріне сәйкес келеді. Кәсіпорын мүлкінің жекелеген түрлерін, оның пайда болу көздерін, міндеттемелерін сипаттайтын баланс активі мен пассивінің көрсеткіші бухгалтерлік баланстың бабы деп аталады. Бухгалтерлік балансты жасаған кезде бұл баптар топқа, топтар бөлімдерге бірігеді. Бірігу олардың экономикалық мағынасына орай жүзеге асырылады. Баптардың ерекшеліктері:

- активтік баптар шаруашылық қорлардың құрамы, орналасуы және пайдаланылуы бойынша, ал пассивтік баптар олардың пайда болу көздері бойынша көрсетуге қызмет етеді;
- активтік баптар барлық материалдық құндылықтарды, ақша ресурстарын, берешектерді, ал пассивтік баптар меншікті капиталды, кәсіпорынның қарыздарын көрсетеді.

Баланс-брутто және баланс-нетто деген бар. Қазіргі кезде халықаралық бухгалтерлік стандарттардың талаптарына сәйкес белгіленген баланс нысаны пайдаланылады, мұның өзі баланс-неттоға сай келеді.

Баланс-брутто түрлі ғылыми зерттеулер үшін пайдаланылады. Бухгалтерлік баланс-бруттоның активінде екі бөлім бар. Актив: Ұзақ мерзімді активтер; Ағымдағы активтер. Меншікті капитал мен міндеттемелер: Меншікті капитал; Ұзақ мерзімді міндеттемелер; Ағымдағы міндеттемелер. Баланстың активі мен пассиві бойынша жиынтықтар балансвалютасы деп аталады. Баланс активі мен пассивінің аталып өткен әрбір бөлімінде тиісті баптар болады.

Баланс-неттода бірқатар баптар ашық түрде көрсетіледі. Мысалы, «Материалдық емес активтер», «Негізгі құралдар» баптары бойынша бастапқы құны, тозу және қалдық құн көрсетіледі. Баланс-неттоның актив валютасына материалдық емес активтердің, негізгі құралдардың қалдық құндары ғана енгізіледі. Бөлімдердің мазмұны шаруашылық қорлары мен олардың көздерінің жіктемесіне сәйкес келеді. Бұл бөлімде қысқа мерзімді активтер көрсетіледі:

А) кассадағы ақша қаражаттары

Б) есеп айырысу шотындағы ақша қаражаттары

В) инвестициялар

Инвестициялар-кәсіпорынның табысты активтеріне, жарғылық қорына және басқа кәсіпорынға салған ұзақ мерзімді инвестициялары, өзге кәсіпорындарға берілген қарыздар көрсетіледі. Мұнда мынадай баптар ашылады:

А) еншілес серіктестіктерге берілген инвестициялар

Б) тәуелді заңды ұйымдарға берілетін инвестициялар

В) ағымдағы құнды көрсететін өзге де инвестициялар, бұл олардың баланстық құнынан ерекшеленеді.

Ағымдағы активтер. Өңдеу және сату мерзімдеріне қарамастан тауарлы-материалдық қорлар. Алдағы кезең шығындары-есепті күннен бастап бір жыл ішінде шығарылуы мүмкін. Ақша қаражаттары. Пайдаланылуына шек қойылған ақша қаражаттарынан шектеулер бір жыл ішінде алынып тасталса, олар ағымдағы активтерге қосылады. Қысқа мерзімді қаржы инвестициялары-мерзімі бір жылға дейін. Дебиторлық берешек-есепті күннен бастап бір жыл ішінде алынуы мүмкін. Мұнда мынадай баптар ашылуы тиіс:

А) аванстық төлемдер

Б) алуға арналған шоттар мен вексельдер

В) еншілес серіктестіктердің дебиторлық берешегі

Г) лауазымды тұлғалардың дебиторлық берешегі

Д) өзге де дебиторлық берешектер

Сомасы 1 жыл ішінде алынбаса, дебиторлық берешек ағымдағы активтерге толықтай қосылады. Материалдық емес активтер-бұл бап бойынша ұзақ мерзімді кезең бойы шаруашылық қызметте қолданылатын және табыс келтіретін материалдық емес обьектілерге кәсіпорын салатын салымдар көрсетіледі. Бұл орайда түсіндірме жазуларда амортизация есептеудің әдісі, есептеу мерзімі, сондай-ақ есепті кезеңдегі: гудвилл-патенттердің, тауар таңбаларының және басқалардың есептен шығарылуы көрсетіледі.

Негізгі құралдар- бұл материалдық салада, сондай-ақ өндірістен тыс салада қызмет мерзімі бір жылдан көп қызмет ететін материалдық активтер. Мұнда мынадай баптар ашылуы тиіс: жер; үйлер мен ғимараттар; машиналар мен жабдықтар; жіктемесіне сәйкес негізгі құралдардың басқа да түрлері; жинақталған тозу; аяқталмаған күрделі құрылыс. Бұған қоса түсіндірме жазуларда ұзақ мерзімді жалға алынған негізгі құралдар мен төлемі кейінге қалып, сатып алынған негізгі құралдар бөлек көрсетіледі[1].

Ағымдағы міндеттемелер. Ағымдағы міндеттемелерді ашып көрсеткен кезде, кредиторлардың талабы бойынша төленуге тиісті міндеттемелер мен есепті күннен кейінгі бір жылдың ішінде өтелуге тиісті ұзақ мерзімды міндеттемелердің бөлігін қоса алғанда, мынадай баптар ашылуға тиіс: қысқа мерзімді несиелер немесе овердрафт; салықтар бойынша берешектер; төлеуге тиісті дивиденттер; еншілес серіктестерге берешек; акционерлік қоғамның лауазымды тұлғаларына берешек; өзге кредиторлық берешек.

Ұзақ мерзімді міндеттемелер. Ұзақ мерзімді міндеттемелерді ашып көрсеткен кезде, бір жылдың ішінде өтелуге тиіс бөлігін қоспағанда, мыналар жеке ашылып көрсетілуге тиісті: қамтамасыз етілген несиелер; қамтамасыз етілмеген несиелер; еншілес серіктестіктер ұсынған несиелер; төлемі кейінге қалдырылған салықтар; түсіндірме

жазбада проценттік ставканы, несиені өтеудің мерзімін, өтеудің тәртібін және шартта көзделген басқа да талаптарды көрсету керек[2].

Меншікті капитал мен резервтер. Баланстың пассивінің меншікті капиталының бірінші бөлімінде меншікті капитал туралы ақпарат ашылып көрсетіледі. Жарғылық капитал-кәсіпорынның құрылтай құжаттарына сәйкес оның меншік иелерінің салымдары есебінен құралған жарғылық қор. Түсіндірме жазуларда есепті кезеңде жарғылық капиталда болған өзгерістер жайлы ақпаратты ашып көрсету керек. Резервтік капитал. Бұл бап бойынша кәсіпорында қалыптасқан резервтік капиталдың қалдығы көрсетіледі. Өзге меншікті капитал. Бөлінбеген кіріс (жабылмаған зиян). Саудадан түскен пайдалар. Бұл баптарға дивиденттердіде жатқызамыз. Шығындар. Негізгі өндіріс. Көмекші өндіріс.

ӘДЕБИЕТ

1. Баймұханова С.Б. Бухгалтерлік есеп:оқулық. – Алматы: ИздатМаркет, 2005.
2. Международные стандарты финансовой отчетности 2005: издание на русском языке.- Москва: Аскери-АССА, 2005.

ӘОЖ 658.800 92:378(5845)

Салимбаева Р.О. – э.ғ.к., доцент, Тынышбаев атындағы Қазақ Көлік және Коммуникациялар Академиясы (Қазақстан, Алматы қ.)

Сайфуллаева А. – студент, Тынышбаев атындағы Қазақ Көлік және Коммуникациялар Академиясы (Қазақстан, Алматы қ.)

ӨНІМ ӨНДІРУ ШЫҒЫНДАРЫ ЕСЕБІНІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ

Экономикалық әдебиеттерде «шығындар» «залал» түсініктері қатар пайдаланылады. «Залал» түсінігі материалды, табиғи және т.б. рестуратарды өндіруге жұмсалымдардың расходын білдіреді. «Шығындар» – олар тек залалдар ғана емес, нарықта құнды формаға айналған ресурс заладарын білідіреді. Шығындар – иеленілген өндіріс факторлері үшін төлем. Тұтынушының тауарды сатып алудағы мақсаты пайдалылық болса, өндірушінің мақсаты өндіріс шығындарын азайту. Шығындар ұсыныс көлеміне әсер ететін негізгі фактор. Сондықтан, өнімнің қандай көлемін өндіру керектігін анықтағау үшін фирма шығындарын талдауы керек.

Шығындарды зерттеу оның мәні мен түрлерін анықтап білу, өндіріс шығындарын азайту және пайданы көбейту, кәсіпорынның жалпы, орташа, шекті табыстарын есептеу тәсілдеріне көмектеседі. Өндірістік шығындар жайлы коцепциялар.

Шығындар туралы сан түрлі тұжырымдар мен концепциялар бар, оларды зерттеумен саяси экономиканың классиктері де айналысқан. Абсолюттік шығындар туралы түсінікті енгізген А. Смит болды, ал салыстырмалы шығындар туралы түсінікті Д. Рикардо енгізген. «Шығындар» деген терминді олар, бірлікке жұмсалған орташа қоғамдық шығындар деп түсінген, немесе өнімнің жеке бірлігі орташа кәсіпорын үшін не тұрады, немесе саладағы кәсіпорындардың барлығына бірдей орташа шығындар көлемі қандай шамада болады. Классиктер шығындарды ренталық төлемдермен есептескендегі өндіріс бағасы деп те дәлелдеді.

Марксистік концепция бойынша өндіріс шығындары капиталиске тауардың не тұратының көрсетеді: өндіріс құралдары мен жұмысшы күшіне (тұрақты және өзгермелі капитал) жұмсалған шығындардың сомасы болады. К. Маркс ерекше капиталистік шығындардан, тауардың құнын құрайтын еңбек шығындарын – ақиқат өндіріс шығындарын-ажыратып зерттейді. Өндіріс шығындарын осылай өлу – еңбек

шығындарына және капитал шығындарына – бұл капиталисттік ұдайы өндіріс процесіне марксистік талдау жүргізудің бастапқы принциптерінің біреуі болып табылады[1].

19 ғасырдың соңында бірнеше жаңа конепциялар пайда болды. Маржиналисттер (Менгер, Визер) бойынша, шығындар шекті пайдалылыққа негізделген психологиялық құбылыс болып табылады. Олардың шекті пайдалылығымен (сатушы көзқарасы бойынша) белгіленетін, өндіріс факторлары үшін фирмалар төлейтін соманың шамасы белгіленеді. Маржиналисттік экономикалық теорияда шығындар түсінігі тек жеке кәсіпорынға тән жағдай деп есептелінеді. Осы кәсіпорынының табысы мен шығындары өндіріс масштабының функциясы деп түсініледі.

Австриялық теоретик Ф. Визер балама мүмкіндіктер шығындарының субъективтік теориясының авторы. Осы тауардың нақты өндіріс шығындары, өндіріс ресурстарын басқаша пайдаланғанда өндірілген өнімдерден қоғамға түсетін барынша жоғары пайдалылыққа тең болады. Австриялық мектептің өкілдерінің маржиналистік көзқарастарын математикалық негізге көшірумен байланысты, шығындарды барынша төмендету (минимизация) теоиялары пайда болды.

Шығындардың институционалистік теориясының көрнекті өкілдері Дж. К. Кларк және Джон А. Гобсон. Кларк қосымша шығындар (overhead costs) мәселелерімен айналысқан және шығындардың әр қилы типтерін индивидуалдық, қоғамдық, абсолюттік, үстеме, қаржылық, өндірістік, ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді жан-жақты зерттеген. Гобсон адамға жасалатын шығындар деген ұғым енгізді. Бұған еңбек амалының сапасы мен сипаты, оның қабілеттілігі және қоғамдағы еңбек бөлінісінің тиімділігі жатады. Өндіріс шығындарының неокласикалық концепциясы, оны өндіріс факторларына жұмсалатын шығындар (тұрақты және өзгермелі) сомасы дейді.

Соңғы жылдары неоинституционалистік трансакциондық шығындар теориясы пайда болды. Бұған көбінесе айналыс шығындары жатады-тауарды өткізу шығындары (жарнамаға, нарықтық жағдайды ұстап тұру үшін т.б.). Трансакциондық шығындар деген түсінікті американдық экономист Р. Коуз енгізді. К. Эрроу бойынша экономикадағы трансакциондық шығындар физикадағы үйкеліспен ұқсас дейді. Неоинституционерлер нарықтың функциясы трансакциондық шығындарды үнемдеу болып табылады дейді. Ал оның артықшылығына айырбас мүшелерінің әрқайсысының информация алуға жұмсалатын шығындардың барынша төмендеу тенденциясы жатады дейді.

Өндірістік шығындардың түрлері және олардың классификациясы. Өндіріс шығындарын топқа және типке бөліп қарастыруға болады. Әлеуметтік-экономикалық бағыттан қарағанда, шығындар қоғамдық және кәсіпорындық болып бөлінеді. Қоғамдық шығындарға дайын өнімнің құнына көшкен жанды еңбек және заттүрін алған еңбек шығындары жатады. Өндіріс шығындарына кәсіпорынның өндірісте тұтынылған құрал – жабдықтары мен жалақы шығындары жатады, және өндіріс шығындары өз алдына айқын және айқын емес болып бөлінеді[2].

Айқын шығындар (explicitcosts) деп өндіріс факторлары мен жабдықтаушыларға айқын ақша формасындағы төлем түрін алатын балама шығындар аталады. Мысалға жалақы төлеуді, көлік шығындарын, коммуналдық төлемдерді жатқызуға болады.

Айқын емес шығындар (implicitcosts) деп өндірісте пайдаланылған фирманың өз иелігіндегі (сырттан сатып алынбаған) ресурстардың құнын (шығының) атайды және өзіне қарасты ресурстарды тиімді пайдаланған жағдайда пайда ала алатын немесе «айырылып қалған мүмкіндіктерінің» (алынбай қалған пайдасының) ақшалай төлемі. Мысалға ғимараттарды жалға бермегендіктен түспеген пайда. Бухгалтерлік статистикада айқын емес шығындар көрсетілмейді. Айырылып қалған мүмкіндіктерді есепке алу – нарықтық экономиканың маңызды ерекшелігі.

Айқын (бухгалтерлік) шығындар плюс айқын емес шығындар – бұл экономикалық шығындар. Экономикалық шығындар бухгалтерлік шығындарды ғана емес, сонымен бірге өз ресурстарына сақ олайлы кәсіпкерлік салаға жұмсап, одан алуға болатын табысты да

қамтиды. Барлық экономикалық шығындар екі үлкен топқа бөлінеді: тұрақты және айнымалы.

Тұрақты шығындар (fixed costs FC) – осы мерзімде өндіріспен өткізудің көлемі мен құрамына байланысты емес шығындар. Әдетте тұрақтыға жататын шығындар: облигациялық заем міндеттемелеріне сәйкес төлемдер, үй-жайды жалға беру, әкімшілік шығындар, жылжымайтын мүліктерге салынатын салықтар, т.б.

Тұрақты шығындарды бастапқы (старттық) және қалдық (қалған) шығындар деп бөлінеді. Қалдық шығындарға өндіріспен өткізу белгілі бір уақытқа толық тоқтатылғанына қарамастан жұмсалатын кәсіпорынның тұрақты шығындарының бір бөлшегі жатады. Старттық шығындарға өндіріспен өткізудің қайта басталуы мен байланысты жұмсалатын, тұрақты шығындардың бір бөлшегі жатады.

Айнымалы шығындарға өндіріс көлеміне тікелей байланысты. Бұған жұмыскерлердің еңбек ақысы, шикізатқа, қуатқа, көлік шығындарына жұмсалған шағындар және т.б. жатады. Өнім тіпті өндірілмеседе тұрақты шығындардың өтелуі тиіс, ал айнымалы шығындарды кәсіпкер өндіріс мөлшерін өзгерте отырып басқара алады. Өндірістің тұрақты және айнымалы шығындардың қосындысы «өндірістік шығындардың жиынтығын» құрайды.

Өнім шығарудың әр түрлі шығын түрлеріне анықтама береміз. Кәсіп орынның жалпы шығындары деп (total costs) TC – оның тұрақты және айнымалы шығындарының сомасы түсініледі. Жалпы шығындарды келесі формуламен табамыз. Өнімнің жаңа бірлігімен бірге, жалпы шығындар айнымалы шығындардың сомасындай шамаға өсіп отырады[3].

Өндіріс көлемі өзгергенде жиынтық шығындардың шамасын белгілетін шығындардың түрлері көп болады, мысалы, шикізатқа , негізгі және көмекші материалдарға шығындар, көлікшығындары, қуатқа, табыстың жекелеген түрлеріне шығындар, тағыда солай.

Өзгермелі шығыстардың жауап ретіндегі коэффиценті өндіріс көлемін өсіру немесе төмендету шешімдерін белгілейтін болғандықтан, осындай шығыстарды Батыстың есеп жүйесінде шешуші шығыстар деп атайды. Шығыстардың басқа түрлері өндіріс көлеміне тәуелді болмайды, мысалы, кәсіпорнының әкімшілігінің және қорғаушыларының жалақысы, арендаға алынған негізгі құралдар үшін төлемдер және т.б. өйткені бұлар өндірісті қандай көлемде жүргізу туралы шешімдерге әсер етпейді, олар кәсіпорынның тек қызмет ету шарты болып табылады. Бұларды шешім қабылдауды белгілемейтін шығыстар деп атайды.

Әдетте уақыт мерзімі қысқа және ұзақ мерзім болып бөлінеді. Ұзақ мерзімде шығындардың барлығы өзгермелі болады. Мысалы, егер жұмыстан босату мерзімі жұмыскерлер үшін бір апта болса, онда жалақыға жұмсалатын шығындар жұмыскерлер үшін бір апта бойы тұрақты болады. Қызметкерлер үшін бұл мерзім 6 жұма, 3 ай және одан артық. Егер уақыт мерзімін бір жыл деп алсақ, онда еңбек үшін төлем шығындарының барлығы өзгермелі болады.

Тұрақты шығындар шарттық қарым-қатынастар (мысалы, лизинг шарты, жолдау шарты, арендалық шарт және т.б.) нәтижесінде пайда бола алады. Шығындарды мән жағынан тұрақты және өзгермелі деп бөлуден пайда жоқ. Шығындардың Батыстағы классификациясында олардың тәртібінің (тұрақты немесе өзгермелі) сипаты шешім қабылданған ситуациядан тәуелді деп тұжырымдалды.

Бірақ барлық өзгермелі шығындар өндіріс көлемі туралы шешімдерге әсер етеді, ал барлық тұрақты шығындар әсер етпейді деген дұрыс емес. Бір түрге жататын шығындардың өздері әр түрлі болып көрінеді. Шешімдер қабылдаудың белгігі ситуациясында өзгермелі көп, ал басқа ситуацияда тұрақты шығындар көп болуы мүмкін. Осы шығындар тұрақтыға немесе өзгермеліге жата ма деген сұрақтың жауабы екі фактордан тәуелді болады: кезең мерзімінің ұзақтылығынан (шешім қабылдауға қажет)

және өндірістік факторлардың бөлінісінен. Кәсіпкер үшін өнімнің бірлігін шығару үшін жұмсалған шығындар, яғни орташа шығындар туралы информация, өте маңызды. Орташа шығындар АТС-бұл шығарылған өнімнің бірлігіне жұмсалатын жалпы шығындар: АТС=TCQ.

Осыған сәйкес орташа тұрақты және орташа өзгермелі шығындар есептеледі. Ұзақ мерзімде кәсіпорнының масштабының және оның өндіріс көлемінің орташа шығындар динамикасына ықпалы оң шамада немесе теріс шамада болуы мүмкін. Әдетте, ұзақ мерзім кезеңінде шығындар, кәсіпорнының кеңеюіне сәйкес, алғашында төмендеп минимумға жетеді, осыдан кейін қайтадан өседі. Бұл жағдай қайтарымның кему заңымен емес, өндіріс масштабының өсуінің оң немесе теріс эффектісімен (ауқым нәтижесімен) дәлелденеді. Ауқымның оң нәтижесі (масштабтан үнемдеу немесе өскелең қайтарым) шығарылым өсуіне сәйкес фирманың ұзақ мерзімдік орташа шығындары кемігенде орын алады[4].

Ауқымның теріс нәтижесін шығарылатын өнімнің көлемінің өсуіне байланысты ұзақ мерзімдік орташа шығындар өскен жағдайда өндірісті ұйымдастыру мәселелері құрады. Бұның басты себебі – фирманың әр түрлі буындарының қызметін реттеуге бақылау жүргізудің бәсеңдеп кетуі. Басқарушы аппарат өсіп кетеді, жоғары дәрежелі басқарушылар өндірістік проценттен алшақтанады. Бұл басқарудың жеделдігінің айқындығын төмендетеді, өндірістің тікелей және үстеме шығыстарын өсіреді. Дағдарыс кезеңінде, бәсекелік сайыста ірі фирмалардың өміршеңдігін мүмкіндігі жоғары болады. Ауқымның теріс нәтижесінен аулақ болу үшін бұлардың қолданатын мүмкіндіктері мол болады.

Егер ұзақ мерзімдік орташа шығындар шығарылым көлемінен тәуелді болмаса, онда ауқым нәтижесінің қайтарымы тұрақты болады.

Кәсіпорынының тиімділігінің барынша төмен көлемі, фирмаға өзінің ұзақ мерзімдік орташа шығындарын барынша төмендетуге мүмкіндік беретін, өндірістің ең аз көлемі. Өндіріс көлемі туралы сұрақ қаралғанда тек орташа шығындар мен ғана емес, шекті шығындармен де есептесу қажет. Шекті шығындар МС – бұл өнімнің қосымша бірлігін өндіру үшін қажет қосымша шығындар. Егер өнімнің қосымша бірлігі оның сату бағасынан арзн түссе, онда шекті шығыңдар өнімнің бағасымен теңдескенше, фирма өндірісті кеңейте береді. Қысқа мерзімде шекті шығындардың қисық сызығы – U тәрізді форма алады, Бұл қысқармалы табыстылық заңымен байланысты-еселеп өсіп отыратын қосымша күш шектелген немесе тіркелген өндіріс факторларына қолданылады.

Бастапқыда шекті шығындар азаюы мүмкін, бұл өндіріс масштабының өсуі табыстылықты өсіретін масштабтың эффектісімен байланысты. МС, АС және AVC қисық сызықтардың тәртібі шекті – орташа деп аталатын ережеге бағынады. Осыған сәйкес, шекті шығындар орташа шығындардың барынша төмен мағынасына тең болады. Графикте бұл ереже МС қисық сызығының АС және AVC қисық сызықтарымен, бұлардың минимум нүктесінде түйіскені болып табылады, яғни MC=minAC.

Егер қалыптасқан нарықтық бағаны Р фирма берілген деп және соған өзінің өндірісін бейімдеді деп есептесек, онда ол өнімді Qont, оның бағасы шекті шығындармен теңескенше өндіре беруге талаптанады. Фирманың ұсынысының қисық сызығы SS орташа шығындардың ең төмен дәрежесінен жоғары орналасатын шекті шығындар сызығымен үйлесімді беттеседі[5].

Өнімді өндіруге жұмсалған шығындар жанды еңбек шығындары мен өндіріс құрал – жабдықтарының шығындарынан тұрады. Ал соңғыларда, өз уақытында, соларды жасауға жұмсалған еңбек шығындары болып табылған. Сондықтан экономикалық теорияда өнімнің қандайына болмасын жанды (нақты) және зат түріндегі еңбек жұмсалады деп тұжырымдалады. Өткен (зат түріндегі) еңбек білім, информация тағыда солай солай түрде жинақталады.

Фирма өндіретін өнім белгілі бір түрде – зат немесе құн түрінде – өндіріс нәтижесін, яғни оның тиімділігін құрайды. Өндірістің нәтижелерін, оларды жасауға

жұмсалған шығындармен салыстырғанда, өндіріс тиімділігі айқындалады. Материалдық құндылықтар өндірісі, тауар саудасы, сонымен қатар қызмет көрсету адамдық, материалдық, ақшалай ресурс шығындарын қажет етеді. Бұл қолданылған ресурстар соңында әртүрлі нысанда және көлемде өзіндік құнға негізделеді.

Сонымен, кәсіпорынның өндірістік шешімдері, жұмыстары нарық жағдайлары мен өндірістік шығындар арқылы анықталады. Кәсіпорын табысы өндірістегі шығындарға тәуелді болады. Нарықтағы өнім бағасы сұраным мен ұсыным өзара байланысының нәтижесі болып табылады. Өнім өндірісіне шығындар – ол тұтынылатын еңбектік немесе материалдық ресурстар көлеміне, техника деңгейіне, өндірістің ұйымдастырылуына және басқа факторларға байланысты өсуі немесе төмендеуі мүмкін. Сәйкесінше, өндіруші шығындарды азайтудың көптеген көздерін қарастырады, ол оны өзінің тиімді басқару қабілетімен жүзеге асыра алады.

ӘДЕБИЕТ

1. С. Әкімбеков, А. С. Баймұхаметова, У. А. Жанайдаров. Экономикалық теория. Оқу құралы. Жалпы редакция С. Әкімбековтікі. – Астана: 2002.
2. Осипова Г. М. Экономикалық теория негіздері. Алматы, 2002.
3. Абдильдина Л.И., Абдильдин С.С. Экономика предприятия. Алматы: КазНауГРУ, 2004.
4. Жалпы экономикалық теория Ө. Қ. Шеденов, Б. А. Жүнісов, Ү.С. Байжомартов, Комягин./ Жалпы ред басқарған Ө. Қ.Шеденов – Ақтөбе 2004.
5. Грибов В. Д., Грузинов В. П. Экономика предприятии: Учебн. Практикум. -3-е изд.–М.: Финансы и статистика, 2004.

ӘОЖ 658.800 92:378(5845)

Салимбаева Р.О. – э.ғ.к., доцент, Тынышбаев атындағы Қазақ Көлік және Коммуникациялар Академиясы (Қазақстан, Алматы қ.)
Елтешова Н. – студент, Тынышбаев атындағы Қазақ Көлік және Коммуникациялар Академиясы (Қазақстан, Алматы қ.)

ТАСЫМАЛДАУДАҒЫ МАТЕРАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР

Материалдық емес активтер немесе Бейматериалдық активтер – айналымнан тыс активтер тобы. Олардың материалдық-заттық мазмұны жоқ, бірақ құны болады, құжаттармен қуатталады, табыс әкеледі және табыс алуға алғышарттар жасайды, ұзақ мерзімді кезеңде (1 жылдан астам) пайдаланылады, иеліктен шығаруға жарамды болады.

Материалдық емес активтерге мыналар жатқызылады**:** патенттерден, лицензиялардан, авторлық шарттардан туындайтын құқықтар; жерді, жылжымайтын мүлікті пайдалану құқықтары; ноу-хау; тауар белгілері, т.б.

Шетелде Материалдық емес активтерге фирманың беделі, оның жұмыс стилі, яғни кеңсенің дизайны, визиткалар, фирмалық бланкілер, конвертконверттер, қызметкерлердің фирмалық киім-кешегі, т.б. жатқызылады. Меншікті өндіріс қызметінің өнімі болып табылатын материалдық емес актив тауар ретінде есептеледі. Сипаттамасы: материалдық емес активтер туралы ұғым, оларды тану, жіктеу және пайдалы қызмет мерзімін анықтау.

Нарықтық экономика жағдайында Халықаралық қаржы есептілігінің стандарттарын және оларға сәйкес бухгалтерлік есеп шоттарының үлгілік жоспарын енгізу арқылы бухгалтерлік есепті реформалау нәтижесінде отандық бухгалтерия тарихында бірінші рет материалдық-заттық (физикалық) мәні жоқ «материалдық емес активтер» деген ұғым пайда болды.

Материалдық емес активтер, егер осы активке қатысты болашақ экономикалық табыстар мекемеге келетіні ықтимал болса ғана және активтің өзіндік құны сенімді бағаланатын болса ғана танылуы тиіс.

Материалды активтің пайдалы қызметінің мерзімінде қолданылатын экономикалық талаптардың жиынтығын әкімшліктің ең дұрыс бағалауын көрсететін негізделген және нығайтылатын рұқсаттарды пайдалана отырып, болашақтағы экономикалық табыстардың ықтималдығын бағалауға міндетті.

Мекеме бастапқы тану күні қолда бар деректерге сүйене отырып және сыртқы дерек көздерінен алынатын деректерге басымдық бере отырып, материалдық емес емес активтерді пайдаланудан түсетін болашақ экономикалық кірістердің түсуімен байланыстыратын айқындылық дәрежесін бағалау үшін кәсіби пікірлерді пайдалануға тиіс.

Материалдық емес активтерден туындайтын болашақ экономикалық тиімділіктер тауарларды сату немесе қызмет көрсетуден алынған табыстарды, шығындардын үнемделуі немесе мекемкнін активті қолдануының нәтижесі болып табылатын басқа табыстардан құралыуы мүмкін. Мысалы: интеллектуалдық ұлғайтпай болашақ өндірістік шығындарды қысқартуы мүмкін.Материалдық емес активтерді иелігіне байланысты төрт топқа бөлуге болады: 1.Өндіріспен байланысты материалдық емес активтер.Оларға жатқызылады: өнеркәсіптік (өндірісік) меншіктің нысандарына берілген құқықтар; өндірісті ақпаратты пайдалану құқықтары; интегралды микосызбалар технологиясы; өдірістік үлгілері, ЭЕМ мен мәліметтер базасын бағдарламалық жабдықтау; табиғи ресурстарды пайдалану құқықтары; 2.Коммерциялық қызметпен байланысты материалдық емес активтер. Бұл топқа тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары; сауда маркалары; ЭЕМ мен мәліметтер базасын бағдарламалық жабдықтау және басқалар жатқызылады; 3.Қолдану (пайдалану) құқықтарымен байланысты материалдық емес активтер. Бұл топқа өнертапқыш құқығы; патенттер; лицензиялар; франшиза; өндірістік үлгілер және басқалар жатқызылады; 4.Материалдық емес активтердің басқа да түрлері. Мұнда интеллектуалдық меншік және басқалар кіреді. Материалдық емес активті есепке алу үшін оның пайдалы қызмет мерзімі негізі болып табылады

Материалдық емес активтің пайдалы қызмет мерзімі – бұл мекеме активті пайдалануға жобалайтын уақыт мерзімі немесе мекеме активті пайдаланудан алуды жобалайтын өндіріс бірліктерінің немесе ұқсас бірліктердің саны. Материалдық емес активтің қызмет мерзімі айқындалған немесе айқындалмаған болып табылатынын анықтауға тиіс, және ең алдымен осы мерзімді құрайтын өндіріс бірлігінің немесе осындай бірліктердің ұзақтығын немесе санын белгілеуге міндетті. Мекеме материалдық емес активті, егер барлық маңызды факторларды талдау осы актив бұл мекемеге келетін ақша қаражатының таза ағынына басым болуы күтілетін кезең ішінде болжанатын шектің болмауын көрсетсе, пайдалы қызмет мерзімі айқындалмаған ретінде қарауы тиіс.

Метриалдық активтің пайдалы қызмет мерзімін айқындаған кезде мыналарға назар аударуы керек.Мекеменің активті болжамды пайдалану, менеджерлердің басқа топтарының осы активтерді тиімді басқару қабілеттері; активтің әдеттегі өмір циклы және осындай түрде пайдаланатын осындай активтерді пайдалы қызмет мерзімдерін бағалау туралы жария ақпараттары; ескірудің техникалық, технологиялық, коммерциялық және басқа да түрлері; актив қолданылатын саланың тұрақтылығы және активтен алынатын тауарларға және қызметке нарықтық сұраныстың өзгеруі; бәсекелестердің немесе әлуетті бәсекелестердің болжамды іс-әрекеттері; активпен болашақта экономикалық пайда алу үшін қажетті болатын активтерді ұстауға және қызмет көрсетуге арналған шығын деңгейі, сондай-ақ мекеменің осындай шығын деңгейіне қол жеткізу жөніндегі мүмкіндіктері мен мақсат қоюы; активтерді бақылау кезеңдері және активтерді пайдалануға қойылатын тиісті жалдау шарттары аяқталатын күн сияқты заңдық немесе

осындай шектеулер; активтің пайдалы қызмет мерзімі мекеменің басқа активтерінің пайдалық қызмет мерзіміне тәуелді-тәуелді еместігі туралы көптеген факторлар назарға алынады.

Технология саласында болатын жылдам өзгерістерге болатын жылдам өзгерістерге байланысты компьютерлік бағдарламалық қамтамасыз ету және басқа да көптеген материалдық емес активтер технологиялық ескіруге ұшырайды. Сондықтан олардың пайдалы қызмет мерзімі қысқа болуы ықтимал. Материалдық емес активтің пайдалы қызмет мерзімі өте ұзақ, тіпті шектеусіз болуы да мүмкін. Белгісіздіктің болуы, бірақ нақты емес қысқа мерзімді таңдау кезінде емес, материалдық емес активтің пайдалы қызмет мерзімін бағалау кезінде мұқият қарауыды қажет етеді.

Шарттық немесе өзге де заңдық құқықтардан туындайтын материалдық емес активтің пайдалы қызмет мерзімі осындай құқықтардың қолданылу мерзімінен аспауға тиіс, бірақ активтерді пайдалану үшін есептелінетін кезеңнің ұзақтылығына қарай қысқа болуы мүмкін. Егер шарттық немесе өзге де заңдық құқықтар жаңартуға болатын шектеусіз мерзімге берілсе, материалдық емес активтің пайдалы қызмет мерзіміне жаңартуды мекеме айтарлықтай шығасыларсыз жүзеге асыратны туралы растаулар болған кезде ғана жаңартылатын кезең (кезеңдер) енгізілуі мүмкін.

Шарттық немесе өзге де заңдық құқықтардан туындайтын материалдық емес активтің пайдалы қызмет мерзімі осындай құқықтардың қолдану мерзімінен аспауға тиіс, бірақ активтерді пайдалану үшін есептелінетін кезеңнің ұзақтығына қарай қысқа болуы мүмкін. Егер шарттық өзгеде заңдық құқықтар жаңартуға болатын шектеусіз мерзімге берілсе, материалдық емес активтің пайдалы қызмет мерзіміне жаңартуды мекеме айтарлықтай шығасыларсыз жүзеге асыратыны туралы растаулар болған кезде ғана жаңартылатын кезең (кезеңдер) енгізу мүмкін.

Экономикалық факторлар болашақ экономикалық пайда болатын кезеңді анықтайды. Құқықтық факторлар мекеме осы пайдаға кіруді бақылайтын кезеңді шектей алады. Пайдалы қызмет мерзімі көрсетілген факторлар арқылы анықтайтын кезеңдердің барынша қысқасын білдіреді.

Басқалармен қатар мынадай факторлардың болуы мекеменің айтарлықтай шығыс шығасыларсыз шартық немесе өзге де заңдық құқықтары жаңарта алады.Жаңарту үшін қажетті кез келген талаптардың орындалатыны туралы растау болғанда; құқықты жаңартуға байланысты мекемеге келтірілетін шығасылар осындай жанартудан алынуы күтілетін болашақтағы экономикалық пайда мен салыстырған да айтарлықтай болмайтынын растайды.Егер жанартумен байланысты шығасылар осындай жанартудан алынуы күтілетін болашақтағы экономикалық пайдамен салыстырғанда айтарлықтай болып табылса, олар істің мәні бойынша жанарту күнгі жаңа материалдық емес активті сатып алу құнын білдіреді. Құнсызданыу нәтиежесіндегі залал – материалдық еместің активтің теңгерімдік құны оның өтем құнынан асатын сома.

Материалдық емес активтің тарату құны – бұл, егер бұл актив пайдалы қызмет мерзімінің аяғында болады деп күтуге болатын жасқа және жағдайға жетсе, шығаруға болжанған шығындарды шегергенде материалдық емес активті өткізуден ағымдағы кезде мекеме алуы мүмкін есетік сома.

Материалдық емес активтің жою құны үшінші тараптың активті оны пайдалы қолдану мерзімінің соңында сатып алу міндеттемесі болған; немесе активтің белсенді нарығы болған жағдайларды қоспағанда, нөлге тең болып қабылдануы тиіс және жою құны осындай нарыққа сілтеме жасау арқылы анықталуы мүмкін және осындай нарық активті пайдалы қолдану мерзімнің соңында болуы ықиимал. Нөлдік құннан айырмашылығы бар жою құны мекеменің материалдық емес активті оның пайдалы қызмет көрсету мерзімінің соңына дейін сатуды межелеп отырғанын түсіндіреді.

Материалдық емес активтің жою құнын бағалу оны бағалау күні ұқсас активті сатудың пайдалы қызмет мерзімінің аяғында осы активті пайдаланылатын жағдайға ұқсас

шартпен пайдалануға жеткізілген басым бағасы бойынша сату есебінен өтелетін соманы негізге ала отырып жүргізіледі. Жою құны, кем дегенде, әрбір қаржылық жылдың аяғында қайта қаралады. Активтің жою құнының өзгерісі есепте 8 – «есеп саясаты, есептік бухгалтерлік бағалаудағы өзгерістер және қателіктер» атты JAS Халықаралық қаржы есептігінің стандартына сәйкес бухгалтерлік теңгерімдегі өзгеріс сияқты көрсетіледі.

Материалдық емес активтің жою құны оның теңгерімдік құнына тең немесе одан асатын сомаға дейін ұлғаюы мүмкін. Егер мұндай болса, тарату құны кейіннен оның теңгерімдік құнынан азаймайтын болса, осы актив бойынша амортизациялық аударымдар нөлге тең болды Айта кету керек, материалдық емес актив ең алдымен өзіндік құны бойынша бағалануы тиіс.Егер мекеме қандайда бір бапты материалдық емес актив ретінде танитын болса, ол мұндай баптың материалдық емес активтің жоғарыда айтылған анықтамасын және тану критерийлерін қанағаттандыратын көрсетуі тиіс. Бұл талап материалдық емес активті сатып алумен немесе ішкі өндірумен байланысты бастапқы кезеңде шеккен шығындарға, сондай – ақ оны өсіруге, ішінара алмастыруға немесе қызмет көрсетуге арналған кейінгі шығындарға қолданылады.

Материалдық емес активтер түсу көздерін қатысты тану критерийлерін пайдаланып бағаланады.Материалдық емес активтерді сатып алған кезде мекеме өтейтін құн осы активтен болашақ экономикалық табыстың келу мүмкіндігіне қатысты күтулерді көрсетеді. Басқаша айтқанда, ықтитмалдық тиімділігі материалдық емес активтің өзіндік құнында көрініс табады. Тиісінше бөлек сатып алынған материалдық емес активтерге қатысты тану үшін болашақ экономикалық табыстар келетін ықтималдық критерийі әрқашан қанағаттандырылған болып табылады.[1]

Бөлек сатып алынған материалдық емес активтің өзіндік құны оның сатып алу құнынан, соның ішінде импорттық баждарда және сауда жеңілдіктерін шегеруден кейінгі сатып алуға салынатын өтелмейтін салықтардан және материалдық емес активті мақсаты бойынша пайдалану үшін жұмыс істеу жай – күніне келтіруге жұмсалған кез – келген тікелей шығындардан тұрады.

Тікелей шығындардың мысалы ретінде материалдық емес активті жұмыс істеу жай – күйіне келтіруге байланысты пайда болатын қызметкерлерге сыйақы төлеу, активті жұмыс істеу жай – күйіне келтіруге байланысты пайда болатын кәсіби қызметтерді өтеу бойынша шығындар және материалдық емес активтің тиісті жұмыс істеуін тексеруге жұмсалған шығындар болып табылады.Материалдық емес активтердің өзіндік құының бөлігі болып табылмайтын шығындардың мысалдары ретінде мыналар қарастырылады:

– жаңа өнімді немесе қызметті енгізуге жұмсалған шығындар;

– шаруашылық қызметті жаңа жерде немесе клиенттердің жаңа санатымен жұмыс істеуге жұмсалған шығындар;

– әкімшілік және басқа да жалпы үстеме шығындар

Материалдық емес активтің теңгерімдік құнындағы шығындарды тану активті басшылықтың мақсатына сәйкес пайдалану қалпына келтірілген кезде тоқтатылады. Осылайша материалдық емес активті пайдалану немесе орнын ауыстыру кезінде жұмсалған шығындар активтің теңгерімдік құнына енгізілмейді. Мысал үшін мына шығындар материалдық емес активтің теңгерімдік сомасына енгізілиейді:

- басшылықтың мақсатына сәйкес пайдалануға жарамды актив пайдаланылмаған кезде орын алған шығындар;

- алғашқы операциялық шығындар, мысалы, актив қызметінің нәтиежесіне сұраныстың қалыптасуы кезінде орын алған шығындар[2].

ӘДЕБИЕТ

1. Қ.К.Кеулімжаев, А. Ә. Жантева Қаржылық есеп: оқу құралы - Алматы:Экономика,2001.
2. С.Т. Міржақыпова Банктегі бухгалтерлік есеп: оқулық – Алматы: экономика, 2013.

УДК 658.800 92:378(5845)

Салимбаева Р.О. – э.ғ.к., доцент, Тынышбаев атындағы Қазақ Көлік және Коммуникациялар Академиясы (Қазақстан, Алматы қ.)

Мухамадьярова А. – студент, Тынышбаев атындағы Қазақ Көлік және Коммуникациялар Академиясы (Қазақстан, Алматы қ.)

ТЕМІР ЖОЛДАҒЫ БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕПТІҢ ЕРЕШЕЛІКТЕРІ

Қазақстан Республикасындағы темір жолдарды техникалық пайдалану Ережелерінің, басқа да ережелердің, нормативтердің, поездардың магистральдік темір жол торабымен, станциялық және кірістік жолдармен қауіпсіз және үздіксіз қозғалуын қамтамасыз ету шарттарының қадағалауын қамтамасыз етеді.

Жол дистансасы өз қызметін тиісті дәрежеде ұйымдастыруы үшін, келісілген көлемде магистральді темір жол торабы операторының ақпараттық торабын пайдалану құқығына ие болады. Ақпараттық ресурстарды беру, жабық ақпараттарды заңсыз пайдаланудан қорғау тәртібін, барлық тұтынушылар мен корпоративтік ақпараттық торап жүйелерінің қауіпсіз жұмыс істеу жағдайын, ақпараттық торапты пайдалану төлемақысын магистральді темір жол желісінің операторы анықтайды.Жол шаруашылығын тиімді пайдалану поез жұмысының жоспарымен анықталады. Ол келесі міндеттерден тұрады: поез және локомотив нөмірлерін көрсете отырып, поездарды техникалық станциядан жөнелту, поездарды сұрыптау, телімдік және ірі жүк станцияларына қабылдау, поездарға локомотив беру уақыты және т.б.

Жол дистансасының бухгалтерлік есебі бухгалтерлік есеп Стандарттарында және субъектілердің қаржылық – шаруашылық қызметіндегі бухгалтерлік есеп шоттарының Бас есеп жоспарында бекітілген жалпы қағидалары мен ережелерінің негізінде құрылады және ол бүкіл алынған ақпараттарды пайдаланушылардың талабына, қызметінің құрылымына, ұйымның нысанына, айрықша ерекшелігіне есептің сәйкес келуін қамтамасыз етеді.

Жол дистансасының басқару есебін ұйымдастырудағы маңызды жағдайлардың бірі – бухгалтерлік есептің жеке жүйесі ретінде кадрмен қамтамасыз ету болып табылады. Басқару есебін жүргізу үшін шаруашылық операцияларын тіркеумен ғана шұғылданбай, кәсіпорынды басқаруда да қатысатын білікті бухгалтер – талдаушы талап етіледі. Жол дистансасы бухгалтерлік есепті жүргізген кезде мына жағдайларды қамтамасыз етеді:

– есеп беру кезеңінің ішінде міндеттемелер мен активтерді бағалау мен кейбір шарушылық операцияларын көрсету кезінде қабылданған есеп саясатының өзгермейтіндігі;

– қаржылық міндеттемелерімен мүліктерді түгендеу нәтижесін және есептік кезеңде жүзеге асқан барлық шаруашылық операцияларының есепте толығымен көрініс табуы;

– тиісті есептік кезеңіне шығыс пен табыстың дұрыс жатқызылуы;

– әрбір айдың басына синтетикалық есеп шоттары бойынша қалдығы, аналитикалық есептің айналымы мен сәйкестігі сақталуы керек. Жол дистансасы қызметінен түсетін пайда, заңдар мен келісім – шарттық міндеттемелерде қарастырылған барлық төлемдерді төлегеннен кейін оның меншігінде қалады және ол мүліктік кешенді ары қарай дамыту, сонымен қатар, нарықтық тәуекелділіктер орын алған жағдайда қажетті қаржылық резервтерді қалыптастыру үшін пайдаланады [1].

Жол дистансасының Есеп бөліміндегі бухгалтерлердің жұмысы компьютерленген. Олар «Фаворит» АБУ бағдарламасымен жұмыс істейді. Бұл бағдарлама бухгалтерлердің жұмыстарын көп женілдетеді. Бұл бағдарламада керекті бланкілер дайын, тек сонда мәліметтерді мұқият енгізсе есепті өзі автоматты түрде есептеп бухгалтердің уақытын үнемдейді және қол жұмыстарын азайтады. Курстық жұмыстың мақсаты. Жол

дистансасының ұйымдастырушылық құрылымын зерттеу және нарықтық қатынастар жағдайында бухгалтерлік есебін ұйымдастыру ерекшеліктерін анықтау.

Курстық жұмыстың міндеттері. Жоғарыда көрсетілген курстық жұмыс мақсатына байланысты мынадай міндеттер туындайды:

– Жол дистансасының қызмет түрін, мақсат, міндеттерін қарастыру;

– Жол дистансасының ұйымдастырушылық құрылымын зерттеу;

– Бухгалтерлік есеп жүйесін ұйымдастыру ерекшеліктерін анықтау.

Курстық жұмыстың әдістемелік негізі. Курстық жұмысты орындау барысында Қазақстан Республикасының заңдық актілері, Халықаралық қаржылық есеп беру стандарттары, Салық кодексі, бухгалтерлік есептің типтік шоттар жоспары, темір жол кәсіпорындарының есебін ұйымдастыруға байланысты отандық және шетелдік авторлардың оқулықтары, бухгалтерлік және қаржылық есеп пәні бойынша оқулықтар. Курстық жұмыс бойынша алынған нәтиже:

– Жол дистансасының қызмет түрі, міндеттері қарастырылды;

– Жол дистансасының ұйымдастырушылық құрылымы зерттелді;

– Бухгалтерлік есепті ұйымдастыру ерекшеліктері анықталды.Курстық жұмыстың құрылымы. Курстық жұмыс кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен құралған. Кіріспеде курстық жұмыстың өзектілігі, мақсаты және оларды шешу жолдары көрсетілген. Бірінші тарауда Жол дистансасының басқару құрылымы мен мақсат, міндеттері, қызмет түрі, ішкі ережелері зерттелді. Екінші тарауда Жол дистансасының бухгалтерлік есебін жүргізу құрылымы қарастырылды.

Теміржол көлігін реформалау Қазақстанда 1997 жылы "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының құрамында қазақстандық үш темір жолды біріктіре отырып және сол мезетте оның құрамында алты жол басқармасын құру арқылы басталған болатын. Құрылған кезден бастап осы уақытқа дейін "Қазақстан темір жолы" РМК-да кәсіпорынның қаржылық және өндірістік жағдайын айтарлықтай жақсартқан шаралар кешені жүргізілді. Алайда тарифтердің тежелуін ескере отырып, негізгі қорларды молайтуға арналған инвестициялық ресурстардың тапшылығы, активтер мен жұмыс көлемдерінің дисбалансы сияқты саланың құрылымдық проблемаларын шешу үшін оңтайландыру мен кәсіпорын жұмысының тиімділігін арттыру жөніндегі резервтер жеткіліксіз болып табылады. Қазіргі кезеңде түбегейлі шаралар қолдану қажет болып отыр, олар теміржол көлігін басқарудың негіздерін, институционалдық өзгерістерді, бірқатар құқықтық кесімдерге өзгерістер енгізуді, сондай-ақ реформа процестеріне мемлекеттік қолдаудың қажеттілігін қозғайтын болады. Қызметкерлер санының көп қысқаруы, жолаушылар тасымалына жәрдем ақша бөлу мәселелерін шешу сияқты міндеттердің деңгейі мен олардың әлеуметтік мәні мемлекеттің тікелей қатысуын талап етеді. Бұл проблемалардың одан әрі тек бір "Қазақстан темір жолы" РМК-ның күш салулары есебінен ғана шешілуі Қазақстанның теміржол саласына жасалатын инвестициялық ресурстар тапшылығы проблемасын шеше алмайды. Бұл инвестицияларды негізгі қорлардың жаңартылуына, босатылып жатқан өндірістік қуаттылықтар мен персоналдың негізінде жаңа импорт алмастырушы өндірістерді құруға, оның ішінде күрделі-қалпына келтіріп жөндеу, жаңғырту және жаңа локомотивтер мен вагондарды құрастыру, жаңа жолдарды салу жөніндегі зауыттарды құруға тарту қажет[2].

Сонымен, құрылымдық реформалар мен тарифтік саясаттың келісілген өзгерістерін жүргізудің қажеттілігі Қазақстан Республикасы теміржол көлігінің жұмыс істеп тұрған қазіргі заманғы экономикалық жағдайларынан туындап отыр.

Көлік экономиканың инфрақұрылымын қалыптастыратын салалардың бірі болып табылады. Қазақстанның теміржол, автомобиль, әуе, ішкі су және құбыр көлігі кіретін жеткілікті түрде дамыған көлік жүйесі бар. Қазақстанның көлігі республика халық шаруашылығы салалық кешендерінің (агроөнеркәсіп, отын-энергетика, тау-кен

металлургия, құрылыс және т.б.) қалыптасуын ескере отырып, экономика салалары мен өндіріс түрлерінің ғана емес, аумақтық кешендердің өзара байланысын қамтамасыз ете отырып дамыды. Республикамызда барлық көлік түрлерінің ең динамикалық дамуы 70-80 жылдары болды. 90-шы жылдары басталған ТМД елдеріндегі экономикалық құлдырау барлық көлік түрлері үшін тасымал көлемінің жалпы төмендеуіне әкеліп соқты. Көлемдердің тұрақтануы мен өсуі 1999 жылдың соңынан басталды.

Қазақстан экономикасының шикізаттық бағдарда болуына байланысты Қазақстанның теміржол көлігі Қазақстан Республикасының көліктік-коммуникациялық кешенінде маңызды рөлді ойнайды. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректеріне сәйкес 2000 жылы барлық көлік түрлерінің жүк айналымындағы теміржол көлігінің үлесі 63%-ды құрап отыр (диаграмманы қара). Қазақстан темір жолдарының пайдалану ұзындығы 13,6 мың шақырымды құрайды, оның ішінде қос жолды желілер - 5 мың шақырымнан астам (37 пайыз), электрлендірілген желілер - 3,7 мың шақырым (27 пайыз). Бас жолдардың жайма ұзындығы - 18,8 мың шақырым, станциялық және арнаулы жолдардың ұзындығы - 6,7 мың шақырым. "Қазақстан темір жолы" РМК теміржол жүйесінің негізгі бөлігі (97,5 пайыз) Қазақстанның аумағында орналасқан, ал қалған 2,5 пайызы Ресейдің шекаралас аудандарының жерінде орналасқан.

Республиканың солтүстік және орталық облыстары арқылы жолдың 5732 шақырымы өтеді, бұл "Қазақстан темір жолы" РМК-ның иелігіндегі жолдардың барлық эксплуатациялық ұзындығының 42 пайызын құрайды. Еліміздің оңтүстік және шығыс аудандарында жолдардың 3992 шақырымы (29,3 пайыз), ал батыс аудандарында 3577 шақырымы (26,2 пайыз) орналасқан. Қазақстан Республикасының аумағындағы теміржол жүйесінің бір бөлігі Ресей Федерациясы, Өзбекстан мен Қырғызстан теміржол әкімшіліктерінің басқаруында жүр.

Республиканың теміржол жүйесінде 751 бөлім бекеті орналасқан. 351 станцияда жүк операциялары жүргізіледі. 21 станцияда автоматтандырылған басқару жүйесі бар, 38 станция сұрыптау құрылғыларымен (дөңестермен, жартылай дөңестермен және көлбеу созып қою жолдарымен) жабдықталған, 6 станция жүк және поезд құжаттарын жіберуге арналған пневматикалық поштамен жабдықталған.

Локомотив шаруашылығының техникалық жабдықталуын мақсаты мен тартым тұрпаты бойынша топтастырылған локомотив деполары, сондай-ақ локомотивтерге техникалық қызмет көрсету, жабдықтау, жуу бекеттері сипаттайды. 2000 жылы "Қазақстан темір жолы" РМК бойынша 18 жөндеу 28 айналым локомотив депосы және локомотивтерді жөндеу жөніндегі 5 өндірістік кооператив, 41 техникалық қызмет көрсету бекеті, 61 жабдықтау бекеті және 3 жуу бекеті болды. Локомотивтердің мүкәммал паркі соңғы жылдары тасымалдау жұмысы көлемінің құлдырауына байланысты қысқарды, бірақ әлі де айтарлықтай - 1863 бірлік болып қалуда, оның ішінде 730 магистральдық тепловоз, 617 электровоз және 516 маневрлік тепловоз.

"Қазақстан темір жолы" РМК-ның вагон шаруашылығы қазір 16 пайдалану вагон депосынан, 12 жөндеу вагон депосынан, вагондарды жөндеу жөніндегі 4 кооперативтен, 90 жүк вагондарына техникалық қызмет көрсету бекетінен, 56 поездар қозғалысы қауіпсіздігінің бекеттері мен постыларынан, поезд жүріп келе жатқанда вагондардың ақаулығын анықтау жөніндегі 188 бақылау бекеттерінен тұрады. Бұрынғы КСРО Қатынас жолдар министрлігінің вагондары бөлінген кезде (01.01.93-ке қарағандағы жағдай бойынша) Қазақстан жүк вагондарының мүкәммал паркі 104 985 вагонды құрады. Жеті жыл ішінде ол 16,7 пайызға кеміп, 01.04.2000-ға қарағандағы жағдай бойынша 86 818 вагонды құрады[3].

Темір жолдардың техникалық жабдықталуының (пайдалану ұзындығы, электрлендірілген желілердің ұзындығы, жүк вагондарының жұмыс паркі) және тасымалдау жұмысының (жүк айналымы, жолаушылар айналымы, жүк тиеу) негізгі

көрсеткіштері бойынша Қазақстан бұрынғы КСРО республикалары арасында Ресей мен Украинадан кейін үшінші орында тұр.

"Қазақстан темір жолы" РМК негізгі қорларының физикалық және моральдық тозуы айтарлықтай болып отырғанын атап өту қажет, өйткені объективті экономикалық себептер бойынша 1991 жылдан соң оларды жаңарту қарқыны төмен болды. Негізгі қорлардың тозуы орташа алғанда 60%-ды құрап отыр.

ӘДЕБИЕТ

1. Назарова В.Л., Жапбарханова М.С., Фурсов Д.А., Фурсова С.Д. Басқару есеп:Учебник-Алматы: Экономика, 2011.

2. Тайгашинова К.Т. Басқару есебі: Алматы, «LEM баспасы» ЖШС, 2011.

3.Статистика KZ.

УДК 658.800 92:378(8545)

Салимбаева Р.О. – э.ғ.к., доцент, Тынышбаев атындағы Қазақ Көлік және Коммуникациялар Академиясы (Қазақстан, Алматы қ.)

Аманбай Т. – студент, Тынышбаев атындағы Қазақ Көлік және Коммуникациялар Академиясы (Қазақстан, Алматы қ.)

ЕҢБЕКАҚЫ ЕСЕБІ

Жұмысшылар мен қызметкерлердің өндірген өнімдері мен істеген жұмыстарына толтырлған алғашқы құжаттар мен жұмыс уақытының табельдері оларға еңбекақы есептеу және оны төлеу үшін ұйымның цехынан, бөлімшелерінен, бригадаларынан кәсіпорынның әкімшілігі белгіленген мерзімде бухгалтерияға келіп түседі. Еңбекақы есептеу үшін толтырылатын алғашқы құжаттар мен табельдердің дұрыс толтырылуы, лауазымды тұлғалардың қолдарының қойылуы мұқият тексеріледі. Сондай ақ бұл құжаттағы еңбек бағасының дұрыс қойылуы олардың жұмысшылар мен қызметкерлерге еңбекақы төлеу және сыйақы есептеу қағидаларына сәйкес келуі және шифраларының дұрыс қойылуы тексеріледі. Тексеріліп болғаннан кейін бұл құжаттар бойынша кәсіпорынның жұмысшылар мен қызметкерлеріне еңбекақы есептелінеді.

Еңбек ақы негізгі және қосымша болып бөлінеді. Негізгі еңбек ақыны қызметкерге фактілі істелген уақыты мен кәсіпорында орындалған барлық жұмыстар үшін шағады. Қосымша кәсіпорында орындалмаған уақытқа, заңмен негізделген, еңбек демалысы, жұмыстан шығу кезіндегі жәрдем ақы т.б. Экономиканың барлықсалалары мен меншіктің барлық нысандарында тарифтік ставкалар. Олар қызметкерлердің біліктілік топтарға дифференциалайды. Қорытынды құру базасы біртекті тарифті ставкаларды есептеу мен экономиканың барлық салаларында жұмыскерлердің қызмет еңбекақысы республикада заңмен бекітілген төменгі еңбекақы көлемімен алынады. Еңбекақы ақшадай және натуралды нысанда шағылады және төленеді. Еңбекақыны ақшалай төлеу еңбекақыны төлеудің негізгі және қосымша түрі және еңбекақы жүйесіне сәйкесіске асады.

Еңбекақы жұмыскерлерге мекеменің кассасында және олар өндірістік жағдайы мен жұмыс істеуші қызметкерлердің дәрежесіне қарай төленеді-5 бөлімі №50 нұсқау. Жалдамалы жұмыскерлердің саны мен еңбек ақы статистикасы, екі топқа бөлінеді, жұмыскерлер және қызметкерлер еңбек ақыны төлеуді ұйымдастыру практикасын екі негізгі нысан қолданылады. Келісілген еңбек ақыны төлеу- негізіне жұмыс көлемінің есебі және келісілген бағаа, яғни орандылған жұмыстың күрделігі бірлігі еңбек ақыны төлеуге негіз болады, жұмыс күнделігіне байланысты, уақыт бойынша еңбек жалақысы тарифтік

ставка мен кесімді қызметақы, яғни фактілі орындалған уақытқа байланысты жүзеге асады. Тарифтік еңбек ақы мөлшері уақыт бірлігіне байланысты(сағат, күн, ай). Нарықтық экономика жағдайында еңбек ақыны дәстүрлі емес нысандар арқылы төлеу пайда болды, яғни түскен пайдадан пайыз арқылы есептеу, төлеу.

1. Келісілген еңбек ақыны төлеу орындалған жұмысына төлеу (өнім дайын болған жағдайда), келісілген бағамен, өнім санына байланысты.

2. Келісілген сыйақылы еңбек ақы белгілі көрсеткішке жеткенде, белгілі бір шартты орындағанда төленеді.

3. Келісілген пргрессивті еңбек ақы төлеу еңбек ақы жоспарланған өнімнің саны үшін төленеді, тұра бағамен есептелінеді.

4. Аккордты еңбек ақыны төлеу әртүрлі мамандықтардан құралған жұмыскерлерден тұратын бригадаға қолданылады. Еңбек ақыны төлеу жұмыстың барлық көлеміне төленеді, қойылған бағамен, максималды уақытпен, соңғы өнімге төленеді.

5. Фактілі еңбекақы бригададағы адамдарға бөлінеді, әрбіреуінің орындалған уақыты бойынша, жұмыскерлердің разряды бойынша.

Сыйақы немесе сый бұл жағдайда жұмыс уақытының қысқарғанына байланысты сапа үшін төленеді. Аккордты жүйе белгілі бір адамдар тобына есептелінеді, материалды мақсатты көздеген және жұмыс уақытын қысқартқан жағдайда, нарядпен жабылады.Жалақы – бұл еңбек өлшемі мен тұтыну өлшеміне бақылау жасауды жүзеге асыруға көмектестін маңыздық экономикалық құрал. Шаруашылық субъектісінің түріне қарамастан әрбір қызметкердің кірісі субъект жұмысының түпкілікті нәтижелерін ескергенде, оның жеке үлесімен анықталады және салықтармен реттелінеді. Жалақы тұтынушы кіріснің үлкен бөлігін құрайды, сондықтан да сұраныстың мөшеріне, тауардың тұтасына және олардың бағасына елеулі әсер етеді. Жалақының номиналды және мынадай түрлері болады.

Номиналды жалақы дегеніміз – жалдамалы еңбектің қызметкері өзінің күндік, апталық, айлық еңбегі үшін алатын ақша сомасы. Номиналды жалақының мөлшеріне қарап табысының деңгейі жайында айтуға болады, бірақ тұтынудың деңгейі мен адамның әл – ауқаты жайлы айту мүмкін емес Шынайы жалақы – алған ақшаға сатып алуға болатын өмірлік игіліктер мен қызметтердің жиыны. Ол номиналды жалақыға тікелей қатынаста және тұтыну заттары мен ақылы қызметтердің бағасы деңгейімен кері қатынаста болады. Жалақы өнімінің өзіндік құнының негізгі элеметтерінің бірі болып табылады, сондықтан да жалақы есебінің дұрыс ұйымдастырылуы еңбек өнімділігінің артуына, өнімнің өзіндік құнының кемуіне және еңбеккерлердің өмір деңгейінің уақыты себепші болады. Қызметкерлермен есеп айырысу есебінің негізгі міндеттері:

1.Еңбектің саны мен сапасы, шығарылым нормасының орындалуына, жұмыс уақыты мен жалақы қорының пайдалануына бақылау жасау;

2.Субъектінің әрбір қызметкеріне жалақыны дер кезінде және уақытылы есептеу;

3.Жалақыдан дер кезінде және дұрыс ұстап қалу;

4.Белгіленген мерзімдерде қызметкерлермен еңдекақы бойынша есеп айырысуды жүргізу;

5. Есептелген жалақыны өнімнің, жұмыстың, қызметтің өзіндік құнына дер кезінде және дұрыс енгізу;

6. Өндірістік процеске басшылық жасау операцияларына қажетті еңбек пен жалақы туралы деректерді алу;

7. Еңбек және жалақы бойынша статистикалық есептемені жасау;

Жалақының түрлері, еңбекақы төлеудің нысандары мен жүйелері. Жалақы екіге бөлінеді: негізгі; қосымша.

Негізгі – бұл қызметкерлерге нақты жұмыспен өтеген уақыты үшін, ындаған жұмыстары мен өнеркәсіптік өнімдерінің саны мен сапасы үшін еңгізіліген бағалар мен қызметақы бойынша есептелетін жалақы. Негізгі жалақының құрамына мыналар кіреді:

– жұмыс істеген уақытына тарифтік ставкалар, қызметақы, кесімді бағалар немесе орташа табыстар бойынша есептелген жалақы;
– қызметпен өткерген жылдары үшін үстеме;
– жұмыс жағдайының өзгеруіне байланысты кесімді ақы алушыларға қосымша қызмет (материалдардың сәйксесіздігі, өңдеудің күрделілігі, құрал – сайман мен жабдықтың икемсіздігі);
– кесімді ақы алушыларға үстемелі бағалар бойынша қосымша ақы;
– ақшалай және натуралды сыйақылар және сыйақы берудің бекітілген тәртібіне сәйкес төленген сыйақылар, қосымшалар;
– мерзімінен тыс уақыттағы жұмыс үшін қосымша ақы;
– түндегі жұмыс үшін қосымша ақы;
– жұмысшының кінәсі жоқ тұрып қалуға төлемдер;
Қосымша – бұл қызметкердің кәсіпорында жұмыс жасамаған уақытына ҚР заңдарына сәйкес есептелген жалақы. Қосымша жалақының құрамына кіретіндер:
–балаларын тамақтандырушы аналарын жұмысындағы үзіліс уақытына төлем ақы;
– жасөспірімдердің жеңілдік сағаттарына төлем;
– мемлекеттік және қоғамдық міндеттемелерді орындауға жұмсалған жұмыс уақытына төлем;
– негізгі және қосымша демалыстар уақытына төлем;
– пайдаланылмаған демалыс үшін өтемақы;
– шыққанда берілетін жәрдем ақы;

Қызметкерлер жалақыдан басқа әлеуметтік сақтандыру қаражаттары есебінен еңбекке уақытша жарамсыздық жөнінідегі жәрдемақыны алады. Негізгі және қосымша жалақылар жалақы қорын құрайды. Жалақы қорының құрамына жалақының барлық түрлері, әртүрлі сыйақылар, үстемелер, қосымша ақылар, заңға сәйкес қызметкердің жұмыс жасамаған уақытына есептелген ақша сомаларын қоса алғанда, ақшалай немес натуралды нысанда есептелген жеке әлеуметтік жеңілдіктер қосылады.

Кәсіпорынның жоспарымен (болжамымен) белгіленген, жалақы төлеу шығыстарының сомасы жалақының жоспарлы қоры деп аталады. Ал есепті кезеңде қызметкерлерге нақты төленуге тиісті жалақының сомасы кәсіпорындағы жалақының есептік қоры деп аталады

Бухгалтерлік есепте еңбекақы төлеудің 2 нысаны бар

1-нысаны – мерзімдік;

2-нысаны — кесімді;

Мерзімдік нысан кезінде еңбекақы төлеу жұмыспен өтелген уақыттағы тарифтік ставкалар немесе қызметақылар бойынша жүргізіледі. Еңбекақы төлеудің мерзімдік нысаны мынадай жағдайларда қолданылады: 1. Жұмысшы өнім шығарудың артуаны тікелей әсер ете алмайды; 2. Кесімді бағалауға қажетті шығарылымның көрсеткіштері толық емес; 3. Жұмыс уақытын пайдалануға қатаң бақылау ұйымдастырылған, нақты жұмыспен өтеген уақытына қатаң есеп жүргізіледі; 4. Жұмысшыларды дұрыс тарифтендірген кезде, яғни жұмысшының біліктілігі орындалатын жұмыстың разрядына сәйкес келу; 5.Қызметкерлерге еңбекақы төлеу үшін;Мерзімді еңбекақы жай және мерзімді – сыйақылар болып бөлінеді.Жай мерзімдік еңбекақы тек жұмыспен өтелген уақытпен және қызметкерлердің тарифтік ставкасымен немесе қызметақысымен анықталады. Практикада осы табыстарды есептеудің 3 түрлі әдісі қолданылады: сағаттық; күндік ақы; айлықақы;

Марзімдік – сыйақылық еңбекақы кезінде тек нақты жұмыспен өтелген уақыт қана ескеріліп қоймай, сондай – ақ еңбектің соңғы нәтижесі ескеріледі (белгілі бір көрсеткіштерге қол жеткізгені үшін сыйақы көзделеді).

Кесімді еңбекақы шығарған өнімін ескеруге болатын жұмыскерлерге ғана (токарьлар, тігіншілер, тас қалаушылар) қолданылады. Бұл нысанда еңбекақы төлеудің 5 жүйесі бар: тікелей кесімді жүйе; кесімді- сыйақылақ жүйе; ілгерішіл – кесімді жүйе;

жанама – кесімді жүйе; аккордық жүйе. Тікелей кесімді төлемде жалақының мөлшері тек шығарылған бұйымның саны мен өнім бірлігі үшін белгіленген бағалауға тәуелді болады. Кесімді–сыйақылық төлемде кесімді жалақы сомасынан басқа, белгілі бір сандық және сапалық көрсеткіштерге қол жеткізгені үшін сыйақы есептейді. Ілгерішіл – кесімді төлемде өндірілген өнімді белгіленген нормалар шегінде тікелей бағалаулар бойынша төлеу көзделген. Ал нормадан тыс бұйымдарды шығару көтермеленген бағалар бойынша (2 есе кесімді бағалаудан аспайтындай төленеді). Жанама – кесімді жүйе жабдықтарға және жұмыс орындарына қызмет көрсетуші жұмыскерлердің еңбек өнімділігін өсіруге ынталандыру үшін қоланылады. Мұндай жұмыскерлердің еңбегі олар қызмет көрстетін негізгі жұмысшылар өндіретін өнімнің есебінен жанама – кесімді бағалаулар төленеді. Аккордық жүйеде орындалатын жұмыстың көлемі алдын ала белгіленіп, бағалау белгіленеді. Жұмыс орындалу мерзімін көрсету арқылы бағаланады. Жұмысты орындауға наряд жазылады да, онда табыстың жалпы сомасы, жұмысты аяқтау мерзімі, көрсеткіштер мен сыйақының мөлшері көрсетіледі. Кесімді, сондай – ақ мерзімді еңбекақылар жеке түрде және ұжымдық (бригада) түрде жүзеге асырылуы мүмкін. Бригадалық нысан әдетте кәсіптерді қоса атқару және орындаушылар бірін – бірі ауыстыруы қажет болғанда қолданылады. Бригада ұжымының жалақыны және жұмыстың жалпы нәтижесіне бригаданың әрбір мүшесінің шынайы үлесін есекере отырып сыйақыны анықтауға құқығы бар. Кәсіби шеберлігі мен кәсіптерді қосаатқарғаны үшін қосымша ақылар мен үстемелерді белгілеу жөніниде айталық. Бригадалық табысты бөлу КТУ ескерілген тариф бойынша жалақыға пара – пар жүргізіледі. Тарифтік ставкалар мерзімдік ақы алатындар үшін және бір сағат жұмыс үшін кесімді ақы алатын үшін қызметкерлер разряды бойынша белгіленген. Жұмысшылардың қызметіне ақы төлеу тарифтік ставкалардың негізінде, ал қызметкерлер үшін лауазымдық қызмет ақы негізінд ежүргізіледі. Кесімді бағалаулар қолданыстағы уақыт нормалары мен шығарылым нормаларына негзделеді. Уақыт нормасы – бұл адам / сағат, адам / күн көрсеткіштерімен көрсетілген, жұмыс бірлігін орындауға қажетті уақыт. Шығарылым нормасы қызметкер уақыт бірлігінде жасауға тиіс жұмыс санымен анықталады. Кесімді бағалау былайша есептейді:

1. Шығарылым нормасын қолданған кезде (Н шығ.) Б=Т/Н шығ. мұндағы Т – тиісті разрядтың тарифтік ставкасы (Бірегей тарифтік кесте айлық балансына бөлу жолымен анықтайды).

2. Уақыт нормасын қолданылған кезде (Н уақ.) Б=Т*Н уақ.

Төлемнің мерзімдік нысаны қызметкерлердің барлық санатына қолданылады. Жалақыны есептеу жұмыс уақытын пайдалануды есепке алу табелінің негізінде жүргізіледі.

Мерзімдік ақы алатын жұмысшының жалақы сомасы нақты жұмыспен өтелген сағаттардың сағаттық тариф ставкасына көбейтіндісі ретінде анықталады.Жалақы – нақты жұмыспен*сағаттық тариф сомасы өтелген сағаты саны ставкасы мерзімдік ақы алатын 6-разрядтағы сағаттық тариф ставкасы 76 теңге болған кезде 182 сағат жұмыс істеген. Жалақы сомасының есептелуі: 182*76=13732 теңге.

Қызметкерлердің жалақысы бойынша есептеледі:

– егер жұмыскер сол айдығы жұмыс күндерінде толық жұмыс істесе, онда жалақының мөлшері қызмет ақы мөлшеріне сәйкес келеді:

– егер жұмыскер сол айдағы жұмыс күндерінде толықтай жұмыс істемесе, онда жалақыны жұмыспен өтелген уақытқа қарай есептеп шығарылады.

ӘДЕБИЕТ

1. Басқару есебі: Оқулық /Авт.: В. Л. Назарова, М.С. Жапбарханова, Д.А. Фурсов, С.Б. Баймуханова, Алматы-2003.

2. В.Л. Назарова «Шаруашылық жүргізуші субъектілердің бухгалтерлік есебі» Алматы - 2005

УДК 658.800 92:378

Салимбаева Р.О. – э.ғ.к., доцент, Тынышбаев атындағы Қазақ Көлік және Коммуникациялар Академиясы (Қазақстан, Алматы қ.)

Кулмажитова А. – студент, Тынышбаев атындағы Қазақ Көлік және Коммуникациялар Академиясы (Қазақстан, Алматы қ.)

ТАСЫМАЛДАУДАҒЫ НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР

Қазіргі кезде кез-келген ұйымдарды алып қарасақ та олардың бухгалтерлік есеп барысында негізгі құралдардың алатын орны, олардың мөлшері ұлғаюда. Сондықтан да негізгі құралдар бухгалтерлік есептің объектісі ретіндегі алатын орны зор. Негізгі құралдардың есебін ұйымдастыруда оларды бағалауда кездесетін көптеген мәселелер туындайды. Өйткені олар тікелей өндіріске немесе басқа да салаларда пайдаланылу барысында алатын орны үлкен. Сондай-ақ олардың амортизациялық аударымдарын дұрыс есептеу мен есептік әдістерін таңдау барысында олардың әр түрі өзіндік құнның мөлшерін өзгеріске ұшыратады.

Негізгі құралдар дегеніміз – өндірісте ұзақ уақыт бойы яғни бір жылдан артық уақыт бойы пайдаланылатын, өзінің бастапқы заттай нысанын (пішінін, түрін) сақтай отырып, құнын шығарылған өнімге, орындалған жұмысқа көрсетілген қызметке біртіндеп бөліп-бөліп есептелген амортизациялық аударым мөлшерінде ауыстыратын еңбек құралдарын, яғни материалдық активтерді айтамыз[1]. Негізгі құралдарға ұйымның қозғалмайтын мүлік, жер учаскелері, үйлер мен ғимараттар, өткізгіш тетіктер, машиналар мен жабдықтар, өлшеуіш және реттеуіш аспаптары, есептеуіш машиналар мен техникалары және олардың бағдарламалық құралдары, көлік тасымалдау құралдары, аспаптар, өндірістік және шаруашылық құрал-саймандары, өнім және жұмыс малдары, көп жылдық көшеттер, шаруашылықтың ішкі жолы тағы да басқаларын жатқызамыз. Көлемінің үлкен-кішілігіне, бағасының азды-көптілігіне (арзанды-қымбаттылығына) қарамастан пайдалану мерзімі бір жылдан аспайтын өндіріс құралдары негізгі құралдардың қатарына жатпайды.

Сонымен қатар негізгі құралдардың құрамына ұйымның қоймаларындағы дайын бұйымдар (тауарлар) болып саналатын жабдықтар мен машиналар, күрделі құрылыс құрамында есептелетін монтаждауды (құрастыруды, орнатуды) қажет ететін жабдықтар, жасалып, салынып біткен бірақ әлі пайдаланылуға берілмей тұрған машиналар мен жабдықтар сондай-ақ құрылыс-монтаж жұмысының өзіндік құнының құрамында қаралған қосымша шығындардың есебінен салынған титулдық тізімге кірмеген ғимараттар мен тетіктер , сонымен бірге жас малдар, яғни мал төлдері де жатпайды.

Негізгі құралдардың бухгалтерлік есептегі мәнін ашып қарау үшін олардың бағалануын, пайдалану және шығындарын зерттеу керек. Жалпы алғанда барлық негізгі құралдар өздерінің өндіріске қатысуына қарай өндірістік және өндірістік емес болып екіге үлкен топқа бөлінеді. Негізгі құралдарды халық шаруашылығының салаларына қарай топтастырған кезде олардың қатысуымен шығарылған өнімдердің немесе орындалған жұмыстар мен қызметтердің шаруашылықтың қай түріне жататындығы негізге алынады. Егер ұйымдағы негізгі құралдардың барлығы тек қана ұйымның негізгі шаруашылығының түріне ғана қызмет жасайтын болса, онда бұл ұйымдағы негізгі құралдардың барлығы түгелімен сол ұйымның атқаратын қызметі саласындағы топқа жатады. Негізгі құралдардың бүгінгі таңдағы болсын бұрынғы болсын шаруашылықта алатын орны ерекше. Қай салада да болмасын қолданыстарында негізгі құралдар болады. Сондықтан да олардың пайдаланылуын және де оларға амортизация есептеуде бухгалтерлік мамандарға қойылатын талаптар жоғарылауда.

Халық шаруашылығының алдына қойған міндеттерін табысты шешуде оның басты буындары – экономиканың нақты секторындағы ұйымдарды басқаруды жетілдірудің маңызы зор. Негізгі құралдар ұлттық байлықтың бір бөлігі, еліміздің экономикасын дамытудың материалды техникалық базасы болып табылады. Сондықтан да, өндіріс тиімділігін әрі қарай арттыру негізгі құралдарды тиімді пайдаланумен тығыз байланысты. Қоғамдық өндірістің тиімділігі едәуір дәрежеде негізгі құралдардың ұтымды пайдаланылуына байланысты. Экономиканың нарықтық жолмен даму барысында ұйым қызметінің қаржылық мәселелері күшейе түсуде. Осыған сәйкес ұйым басшылығының ерекше көңілі бухгалтерлік есептің ұйымдастырылуына мән беріліп отыр. Әсіресе, елімізде халықаралық стандартқа сәйкес жаңа бухгалтерлік есеп стандартының енгізілуі ел экономикасының дамуына оң әсерін тигізуде. Бұл еліміздің қазіргі даму кезеңінде, оның шетел инвесторларымен қарым-қатынастарының нығаю кезеңінде маңызды болып саналады.

Бүгінгі таңдағы ауқымды өзгерістер кезеңі қоғам өмірінің барлық саласын жаңжақты қамтуда. Сол себепті қалыптасқан құрылымды мүлдем жаңартып, экономикалық-әлеуметтік және рухани дамуға жол ашатын демократиялық қоғам құруға сай экономикамызды нарықтық қатынастарға көшірді. Осы негізде әлеуметтік, күрделі мәселелерді шешу – бүгінгі күннің басты талаптарының бірі болып саналады. Әсіресе, соңғы жылдары экономика ілімінде түбірлі өзгерістер орын алуда. Мұның өзі қоғамдық және өндірістік қатынастарда болып жатқан жаңа құбылыстар мен процестерге тікелей байланысты. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының нарықтық қатынасқа өту барысында нарықтық қатынас заңдарына сәйкес өнімді өндіруге кеткен шығындарды анықтау өте маңызды орын алады. Себебі, қандай болмасын өнеркәсіп өзі шығарған өнімдерінің өзіндік құнын анықтап, яғни кеткен шығындарын біле отырып, оны нарыққа шығаруға тырысады. Ол өнімнің сапалы және бағасы жағынан арзан, яғни сұранысқа деген талабына сай келетіндей қылып жасауға ұмтылады. Сондықтан мұндағы шығындардың есебін жүргізудегі негізгі көрсеткіштердің бірі бұл – негізгі құралдардың амортизациясы және де ол бүгінгі таңда бухгалтерлік есептің басқару жүйесінде басты орындардың бірін алып отыр[2].

Негізгі құралдар бухгалтерлік есептің объектісі ретінде қаралатын ең негізгі көрсеткіштердің біріне жатқызылады. Сондықтан да бухгалтерлік есептегі оның мәні мен ерекшелігі өте зор.

Бухгалтерлік есеп қазіргі экономика жағдайында барлық меншік нысанындағы кәсіпорындардың қаржы шаруашылық жайлы ақпараттарын тіркеудегі, өңдеудегі және сақтаудағы негізгі экономикалық жүйе болып табылады. Осыған орай, әрбір шаруашылық ұйымы бухгалтерлік есепті ұйымдастыруда өте өзекті болып табылады.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында бухгалтерлік есепті қайта қалыптпстыру процесі халықаралық тәжірибеге бағдарламамен белсенді өтуде. Бұл негізінен, біріншіден, жаңа экономикалық жүйенің қалыптасуымен, екіншіден, Қазақстан Республикасының әлемдік экономикалық кеңістікке енуімен байланысты экономика позициясынан бухгалтерлік есеп әдетте кәсіпорын туралы ақпараттарды дайындау процесі ретінде қарастырылады. Кез-келген кәсіпорын негізгі құралдар сәйкесті құжаттармен жүргізіліп отыратыны белгілі. Осыған орай орталық қызметі бойынша негізгі құралдарға байланысты барлық құжаттар алынып, талдау жасалынады[3].

Ұйымның негізгі құралдар есебін қарастыру барысында мынадай қорытындылар мен ұсыныстар жасауға болады:

– Кәсіпорындағы негізгі құралдардың операциялары барысындағы негізгі құралдар қозғалысының есебі «Негізгі құрал-жабдықтар» деп аталатын бөлімінің шоттарында жүргізіледі. Ұйымдағы бухгалтерлік есеп Қазақстан стандартқа сай ұйымдастырылады.

– Ұйымда бухгалтерлік есеп стандарттар мен бухгалтерлік есеп шотының Бас жоспарын қолдануда кемшіліктер кездеседі. Ұйымда жүргізіліп жатқан операциялар

алғашқы құжаттармен өз уақытында толтырылмайды. Мұның бәрі қателіктердің туындауына жағдай жасайды.

– Ұйымның негізгі өндірістік қорларды тиімді пайдаланып, негізгі құралдарды пайдалану тиімділігін арттыру қажет.

– Қор қайтарымы деңгейінің өзгеруіне біршама факторлар әсерін тигізеді.

– Ұйымда қор қайтарымының актив бөлігі біршама төмендеген, яғни 0,005пайызға;

– Қоғамда өнім мен қор қайтарымын шығаруды ұлғайту резервтерін санайды немесе орнатылмаған жабдықты іске қосу, оны ауыстыру және модернизациялау, толық күнді және ішкі смендік тоқтап қалуды азайту, оны интенсивті пайдалану, ғылыми – техникалық прогресс шараларын енгізу қажет;

– Қор қайтарымын жоғарлату және өнім шығаруды молайтудың пайдаланылмаған резервтерін шығару керек;

– Ағымды және перспективалы резервтерді анықтау кезінде факторлық көрсеткіштердің жоспарлы деңгейінің орнына олардың мүмкін деңгейін есептеу керек.

ӘДЕБИЕТ

1.ҚР Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы 2007 жылғы 28 ақпандағы №234-III Заңы

2.ҚР 20.11.1998 жылғы №304-1 «Аудиторлық қызмет туралы» Заңы (15.01.01 жылғы өзгерістерімен толықтыруларымен қоса)ҚР ҚМ «Есептілікті дайындау және ұсынудың тұжырымдамалық негіздемесін бекіту туралы» 29.10.2002 жылғы № 542 бұйрығы.

ПОДСЕКЦИЯ «ПОТЕНЦИАЛ СОЦИАЛЬНО-ГУМАНИТАРНЫХ НАУК В РЕШЕНИИ СОЦИАЛЬНЫХ ВЫЗОВОВ»

ӘОЖ 2(574)

Абдирайымова А.С. – доцент**,** Тынышбаев атындағы Қазақ Көлік және Коммуникациялар Академиясы (Қазақстан, Алматы қ.)

Ақанова А. – студент, Тынышбаев атындағы Қазақ Көлік және Коммуникациялар Академиясы (Қазақстан, Алматы қ.)

ДІНІҢ АДАМ ӨМІРІНДЕГІ МОРАЛЬДІК РӨЛІ

«Ислам – дін ғана емес, ол біздің мәдениетіміз»
Н.Ә.Назарбаев

Діни дүниетаным – ежелгі замандардан бастап адамзат баласының тарихи дамуымен бірге жасасып, өмір сүріп келе жатқан рухани құбылыс. Түрлі ерекшеліктерге байланысты адамдар арасында түрлі наным-сенім формаларының туындауы және олардың әр жерде әртүрлі деңгейде пісіп-жетіле отырып, дін ретінде қалыптасуы да өмір заңдылығы немесе рухани қажеттілігі еді. Адамзат тарихында бастан кешкен түрлі формациялар мен кезеңдерде діннің де формалары өзгеріп, халыққа қызмет етудегі рөлін жоғалтпай сақтап отырды. Адамзат баласы – ақыл-парасаттың, ғұлама ойдың және өзге де игіліктердің иесі. Ал, осы игіліктерге ие етіп тұрған – Жаратушы күштің барын адам ешқашан есінен шығарған емес. Осылайша, діннің қоғам өмірімен байланыстылығы өзгермей тұрмайтын құбылыс болғанымен, адам санасына әсер ететін, наным-сенім қалыптастыратын ерекше күш екендігі мойындалды. Діннің қай уақыттардан бері, адам санасымен тұтаса отырып, моральдық қызмет атқарғандығы тарихи таным арқылы көрініс табады, сол арқылы біз діннің қандай рөлі бар екендігін анықтауға мүмкіндігіміз болады.

Мораль — адамзат мәдениетіндегі қоғамдық сананың бір формасы. Діни дүниетаным құқық, өнер сияқты мораль ретіндегі да қоғамдық сананың бір формасы ретінде көрініс береді. Басқа қоғамдық сана формаларымен тығыз байланыста бола тұра мораль олардан өзіндік қасиеттерімен ерекшеленеді. Мысалы, мораль мен құқық нормаларының шығу төркіні бірыңғай алғанда діни тыйымдар мен әдет ғұрыптық салт-санадан келіп шығады.

Көптеген ерекшеліктерімен қатар, мораль басқа қоғамдық сана формаларымен тығыз байланыста дамиды. Әсіресе діннің адамгершілік құлықты қалыптастырудағы рөлі орасан зор. Діни сезімдер адамдардың басын біріктіруде маңызды орынға ие. Ғибадаттардың көпшілігінің жамиғатпен жасалуы дінде қоғамға қаншалықты мән берілетіндігін көрсетеді. Құлшылық сәті — адамдардың біріне-бірі ең жақындасатын кезі. Сондықтан діни рәсімдер қоғам мүшелерінің бірлігін нығайтады, олардың етене араласуына септігін тигізеді. Сонымен қатар жалпы дүниежүзілік діндердің қай-қайсысы болсын, адам қоғамындағы бейбітшілік, келісім, жарастықты нығайтуға күш салады. Діннің моральды қалыптастырудағы орнының маңыздылығын сол діндердегі адамгершіліктің, түрткі бола білгендігінен көреміз.

Дін өз кезегінде адамзат мәдениетінің ажырамас бөлігі ретінде қарастырыла отырып, адамның жеке және қоғамдық өміріндегі реттеуші, қалыпқа түсіре отырып, бір арнаға тұтастырушы фактор ретінде қарастырылады. Осы тұтасу өз кезегінде мәдениеттің барлық салаларынан көрініс табады.

Діннің моральдық рөлінің ұдайы қатынаста болуы үшін, адамға ең қажетті нәрсе – тәрбие. Әсіресе, бұл қазіргі жастарға өмірдегі шынайы құндылықтарды ұғынуы үшін

өмірде өз орнын табуы мен жалпы тіршілік жөніндегі дүниетанымын кеңейту үшін қажет. Тәрбиеге жеткілікті көңіл бөлмеушілік қоғам тарапынан жастар тәрбиесіне салғырт және немкетті қарау, кейбір шектен шыққан әдепсіздік пен арсыздықтың көрініс беруіне алып келіп отырғаны шынайылық. Жастардың ұлттық тәрбиеге қырын қарауы, бұл батыстық тұтыну мәдениетіне еліктеушіліктен туындап отыр. Сондықтан, жастарға имандылықты, ұлттық дәстүрлерді насихаттап, сөзден іске көшу керек. Салт-санамыздағы тәрбиелік мәні бар құндылықтарды жастар арасында насихаттау үшін сөз бен іс-әрекеттеріміздің арасындағы сәйкестілік болу керек. Ұлттық рухтың уызын ұлттық құндылықтар құрайды. Ұлтына деген сүйіспеншілік тарихыңды, тіліңді, әдет-ғұрпыңды, діниңді білуден басталады. Қазақстан – 2050 Стратегиясында «Біз мұсылманбыз, оның ішінде Әбу Ханифа мазһабын ұстанатын сүнниттерміз. Бабаларымыз ұстанған бұл жол ұлттық салт-дәстүрді, ата-ананы сыйлауға негізделген. Ендеше, бүгінгі ұрпақ та әлемдегі ең ізгі дін-ислам дінін қадірлей отырып, ата дәстүрін ардақтағаны абзал» – көрсетілген. Әрине, ұлттық дәстүрден және ата-баба дінінен хабары бар жас өзінің ұлттық болмысы мен рухани дүниесінен, ата дәстүрімен, ана сүтімен сіңген тәлім-тәрбиені өмір бойы ұстанады. Ата-баба өсиеттері, адамды тәрбиелілікке шақырып, оны игі істерге жетелейтіні белгілі. Ұлттық тәрбиенің бір негізі діни мәдениетімізде және өнегелі тәлім-тәрбиемізде жатыр. Адамзат пайғамбары: «Мен жақсы істерді жалғастыру үшін келдім», – деген. Вебер, Дюркгейм және қазіргі заманғы көптеген әлеуметтанушылардың пікірінше, діннің негізгі қызметіне – «мағыналық пайымдау» қызметі жатады. Яғни, адам өз өмірінің мағынасын толық дәрежеде түсініп және түйсініп өмір сүруі шарт. Дін қоғамның нормалары мен құндылықтарын насихаттай отырып, тұрақтылыққа негіз жасайды, яғни, әлеуметтік құрылымға пайдалы нормаларды орнықтырумен қатар, тұрақтандырушы функцияны да атқарады. Және адамның моральдық міндеттерді орындаудағы алғышарттарын қалыптастырады .

Діннің міндеті – қандай да бір нормалы заңдастыру емес, нормативтік тәртіптің өзін қабылдау. Сондай-ақ, бүгінде діннің кері интеграциялануы деген мәселені көтерушілер бар. Мысалы, экономика саласында, еңбекті ұйымдастырудың қазіргі заманғы әдістерін енгізуде кедергі келтіруі мүмкін. Яғни, діннің қандай түрі болса да атқаратын қызметтері қоғам үшін жағымды да, жағымсыз да сипатта мәнге ие болуы мүмкін. Дін интеграция мен тұрақтылық әкелуші ғана емес, кейтұстардағы кертартпа, дін бұзушы ағымдар арқылы қиратушы, жанжал әкелуші фактор ретінде де қарастырылады. Осыған байланысты дін әлеуметтануы харизмалық жетекшілердің рөлі жайлы мәселеге ерекше назар аударады. Вебер харизмадан әлеуметтік тұрақтылықтың іргелі қарсы әсерін және өзгерістердің маңызды бастамасын көрді.

Дін қоғам тұрақтылығының факторы ғана емес, кейтұстардағы кертартпа, дін бұзушы ағымдар арқылы, сонымен қатар, әлеуметтік өзгерістердің қайнар көзі ретінде де қызмет етеді. Мысалы, Вебер протестанттық реформацияның шешуші рөлін «капитализм рухын» жасауда кальвинизмнің ерекшеліктеріне негіздеді. Нәтижесінде, Еуропа тарихында жаңа дәуір мен индустриалдық өркениеттің дамуына қарай тарихи алға басушылық байқалады. Сонымен қатар, қазіргі таңда дін батыс қоғамында өзінің позициясын жоғалту үстінде: адамдар шіркеуге жиі бармай, діни рәсімдер де жиі сақталмай жатыр. Көбісі өздерін агностиктер немесе атеисттер қатарына жатқызады. Тіпті, дінге сенетін адамдардың өздері де дінді басты орынға қоймайды. Мемлекеттің экономикалық даму қарқыны жоғары болған сайын, елде діни адамдардың саны аз болатындығы байқалады. Осыдан келе, дін және қоғам өзара тығыз байланысты болғанымен, бұз өзгермелі үдеріс екенін байқаймыз.

ӘДЕБИЕТ

1. Құлсариева, А. Т. Этика : оқу құралы. - Алматы: Қазақ ун-ті, 2003. - 256 с.
2. Бұлұтай, М. Дін және ұлт. М. Бұлұтай. - Алматы: Арыс, 2006. - 608 с.

ӘОЖ 343.2/7

Сабырбаева Г.К. – аға оқытушы, Тынышбаев атындағы Қазақ Көлік және Коммуникациялар Академиясы (Қазақстан, Алматы қ.)

Нусқаубек Қ. – студент, Тынышбаев атындағы Қазақ Көлік және Коммуникациялар Академиясы (Қазақстан, Алматы қ.)

ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСКЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ТҮСІНІГІ МЕН ОЛАРДЫҢ ЖІКТЕЛУІ

Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 7-бабының 9-тармағына сәйкес қылмыстық процеске қатысушылар деп, қылмыстық істерді тергеуге және қарауға өздерінің немесе өздері білдіретін құқықтар мен заңды мүдделерді қорғауы мақсатымен мемлекеттік органдар тартатын немесе қатыстыратын іс жүргізушілік кең құқықтар берілген жеке және заңды тұлғаларды, қылмыстық сот ісін жүргізуге өкілетті лауазымды адамдар мен мемлекеттік органдарда, қосалқы функциялар атқаратын адамдар мен органдарды түсіну керек. Процеске қатысушыларға жататын адамдар түсінігінде мынадай үш көзқарас барынша айқын байқалды. Бірінші көзқарасқа сәйкес, мүдденің бар жоғына қарамастан іске белгілі бір қатысы бар кез келген адам процеске қатысушы болып табылады. Бұл көзқарасты В.П. Божьев барынша дәйекті түрде жақтап келеді. Барынша көп қолдау тапқан екінші көзқарас процеске қатысушылар деп, тек істе мүддені білдіруші немесе қорғаушы адамдарды тануға негізделген[1].

Үшінші көзқарас қылмыстық сот ісін жүргізуде «процеске қатысушылар» категориясының заңдылығын жалпы теріске шығарумен байланысты. Осы көзқарасты жақтаушы С.А. Альперт процеске қатысушылардың бәріне түрлі құқықтар мен міндеттер берілген, сондықтан да оларды «процеске қатысушылар» деген бір ұғыммен біріктіруге болмайды деп санады. Сонымен, «процеске қатысушылар» терминін түсіну, ал екінші жағынан – процеске қатысушылар категориясына жатқызылатын адамдар шеңберін анықтау жөніндегі ғылыми көзқарастарда орын алып отырған алшақтықтарға объективті негіз бар, оның мәні мынада:

1. «процеске қатысушылар» категориясының өзін қылмыстық іс жүргізу құқығы ғылымының әр түрлі түсінуімен;

2. іс жүргізушілердің қылмыстық процестегі функциялар мәнін түрліше түсінуімен байланысты.

Ғылымда процеске қатысушылар мәнінің сыртқы жағын түрліше түсіну байқалып отыр. Атап өтер болсақ, М.М. Михеенко қылмыстық іс жүргізу қызметіне белгілі бір дәрежеде қатынасатын адамдар процесс субъектілеріне және қатысушыларына бөлінеді деп санайды. Субьектілер сот ісін жүргізуді жүзеге асырушы лауазымды адамдар мен органдар ғана; басқалардың бәрі – процеске қатысушылар. Л.Д.Кокоревтің пікірінше, «субьектілер» және «қатысушылар» терминдері – мән-маңызы бірдей ұғымдар, бірақ қылмыстық процесс үшін«қатысушылар» термині лайықтылау, өйткені «субъектілер» термині жалпылама сипатта болып кетеді. Процесс субъектілері мен қатысушыларына бөлу біршама жасанды сипат алып отыр деп топшылауға негіз бар, себебі құқық қатынастарына қатысушылардың кез келгенінде құқықтар да, міндеттер де бар. Айырмашылық–сол құқықтар мен міндеттердің сипаты мен бағытында. Процеске

қатысушылар мәнінің ішкі жағы да айтыс туғызуда. Процеске қатысушылар категориясына жататын адамдар шеңберін анықтау проблемасына түрлі ғылыми мектептер түрліше қарайды [2].

Соңғы кезде, әдебиетте процеске қатысушылар проблемаларын қылмыстық іс жүргізу функцияларымен байланыстыра қараудың тұрақты тенденциясы байқалып отыр. Процеске қатысушылар проблемаларын қылмыстық іс жүргізу функцияларымен өзара байланыстыра шешу екі мақсатқа жетуге: сот ісін жүргізуге әрбір қатысушының статусын белгілеуге; түрлі қатысушылардың өзара іс – қимыл жасау шектерін жекелеген функциялар арасындағы генетикалық байланыстарды табу арқылы анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге процеске қатысушылардың бұл тізбесі мұнымен шектелмейді, себебі функцияларды тікелей орындау процеске өзге де адамдардың тартылуын, оларға да құқықтар мен міндеттер жүктелуін көздейді. Мемлекет қылмыстық процеске қатысушыларды, атап айтқанда, судьяны, тергеушіні, прокурорды, анықтаушыны, сарапшыны, маманды, қорғаушыны, сот приставын өз қорғауына алады. Сондай-ақ, осы аталғандармен қоса олардың отбасы мүшелері және жақын туыстарын да өз қорғауына алуы тиіс. Осы аталған адамдар үшін мемлекет заңда көзделген тәртіппен сотта қылмыстық істерді немесе материалдарды қарауға, анықтау немесе алдын ала тергеу жүргізуге байланысты олардың өміріне қауіп төнуден немесе күш қолданудан қауіпсіздендіру шараларын қолдануды қамтамасыз етюді[3].

Қылмыстық іс жүргізуді жүргізуші орган, егер қаралып жатқан қылмыстық іс бойынша сол істі жүргізуге байланысты оларға күш қолдануды немесе қылмыстық заң бойынша тыйым салынған әрекеттерді жасаудың нақты қаупі болса, жәбірленушінің, куәнің, айыпталушының қылмыстық процеске қатысушы басқа да адамдардың сондай-ақ, олардың отбасы мүшелері мен жақын-туыстарының қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Бұл жөнінде қылмыстық істі жүргізуші орган ауызша немесе жазбаша мәлімдемесі негізінде аталған адамдардың қауіпсіздігінің қамтамасыз ету жөнінде тиісті қаулы шығарады. Қатысушылардың жазбаша немесе ауызша мәлімдемесі болып табылады. Мысалы, қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушы адамдардың, олардың отбасы мүшелерінің және жақын-туыстарының өздерінің қауіпсіздігі шараларын қолдану туралы мәлімдемелерін қылмыстық процесті жүргізуші орган алған сәттен бастап жиырма төрт сағаттан кешіктірмей қарайды. Қабылдағаны туралы қаулыны мәлімдеушіге дереу хабарланады. Сондай-ақ, қауіпсіздікті қамтамасыз ету туралы мәлімдеме қабылданбауы да мүмкін. Бұндай реттерде қылмыстық процеске қатысушы немесе олардың жақын-туыстары, отбасы мүшелері прокурорға немесе сотқа шағымдану құқығы беріледі. Қауіпсіздік шараларын қолданудан бас тарту, егер бұрын берілген өтініштен көрініс таппаған, яғни өздеріне белгісіз мән-жайлар туындайтын болса, бұл туралы қайтадан мәлімдеме жасауға құқылы[4].

Ал куәгерлердің, сезіктінің, айыпталушының, қылмыстық сот жүргізуші басқа да адамдардың және олардың жақындарының жеке қауіпсіздігін қамтамасыз етудің тәртіптері заңмен айқындалады. Сондай-ақ, қылмыстық процесті жүргізуші органның дәлелді қаулысымен қауіпсіздік шаралары тоқтатылады. Бұл туралы қорғалатын адамға, оның қауіпсіздік шараларының тоқтатылуы туралы деректердің іс бойынша іс жүргізуге қатысушы адамдарға ашылғандығы туралы дереу хабарланады.

Сот талқылауына қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы соттың қаулысын қылмыстық ізге түсуші органдарына сондай-ақ сот приставына жүктеледі. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге қатысудың мүмкіндігін жоққа шығаратын жағдайлар. Судья, прокурор,тергеуші, анықтаушы, қорғаушы жәбірленушінің, азаматтық талапкердің, азаматтық жауапкердің өкілі, куәгер, сот отырысының хатшысы, сот приставы, аудармашы, сарапшы, маман қаралып отырған қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге өздерінің қатысуын жоққа шығаратын мән-жайлар болған кезде қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге қатысудан шеттетілуге міндетті немесе оларға қылмыстық

процеске қатысушылар қарсылық білдіретіні туралы мәлімдеуі тиіс.Заң бойынша қылмыстық процесті жүргізуге өкілетті орган қылмыстық істің кез келген сатысында іс бойынша іс жүргізуден шеттету туралы мәлімделген қарсылық білдірулер мен өтініштерді шешуге немесе бұл адамның қылмыстық процеске қатысуын жоққа шығаратын мән-жайлар анықталған кезде тиісті қаулы шығару арқылы өз бастамашылығы бойынша іс жүргізуге қатысудан шеттетуге құқығы бар. Егер басқа процеске қатысушыларға қатысты қарсылық білдірулерді шешуге уәкілетті адамға қарсылық білдірумен бір уақытта процеске өзге де қатысушыларға қарсылық білдіру мәлімделсе, онда бірінші кезекте осы адамға қарсылық білдіру туралы мәселе шешіледі. Сондай-ақ, қылмыстық істі жүргізуге бір мезгілде бірнеше адамның қатысуы олардың туыстық қатынастарына немесе байланысты жоққа шығарылатын қылмыстық іс бойынша іс жүргізуден процеске қатысушы жағдайына басқалардан кейінірек ие болған адам шеттетілуі тиіс. Іс бойынша туыстық немесе жеке байланыстың басқа да қатынастарымен байланысты адам соттың құрамында болса, қылмыстық іс бойынша жүргізуден шеттетілуге төрағалық етуші таңдаған адам жатады. Ал, сот отырысының хатшысы, сот приставы, аудармашы не маман не сарапшыныңсұраулары бойынша олардың іс жүргізу функцияларын орындауына кедергі келтіретін дәлелді себептерінің болуына орай мұндай қатысудан қылмыстық процесті жүргізуші орган босатады [5]. Қарсылық білдіру сот тергеуі басталғанға дейін мәлімделуі керек. Сот тергеуі басталып кеткеннен кейінгі мәлімдемеге тек ол үшін негіз қарсылық білдіруді мәлімдеген тарапқа сот тергеуі басталғаннан кейін белгілі болған жағдайда ғана жол беріледі. Ал, бірнеше судьяға немесе соттың бүкіл құрамына қарсылық мәлімделсе, онда көпшілік дауыспен сот шешеді. Дауыстар тең болған кезде судьяға қарсылық білдірілген болып саналады. Қарсылық білдіру туралы мәлімдеме қанағаттандырылған жағдайда қылмыстық іс, шағым не өтінішті белгіленген тәртіппен басқа судьяның іс жүргізуіне беріледі. Қарсылық білдіруді қабылдамай тастау немесе қанағаттандыру туралы қаулы шағымдалуға немесе наразылық білдірілуге жатпайды. Қаулыға келіспеушілік туралы дәлелдемелер апелляциялық немесе қадағалау шағымына енгізіледі. Прокурорға қарсылық білдіру туралы мәселені жоғары тұрған прокурор шешеді. Ал, қарсылық білдіру қылмыстық істі сотта қарау кезінде білдірілсе, онда бұл мәселені сот шешеді. Қылмыстық процеске қатысушылар қылмыстық ізге түсуді жүзеге асыратын органдарға қылмыстық іс бойынша маңызы бар мән-жайларды анықтау үшін өтініш жасай алады. Өтініш процестің кез келген сатысында беріле алады. Өтініш білдірген адам қандай мән-жайды анықтау үшін іс-әрекет жасауды немесе шешім қабылдауды сұрайтындығын көрсетуі керек. Өтініш жазбаша немесе ауызша беріледі. Өтініш жазбаша берілсе, онда өтініш қаралып отырған қылмыстық іске тігіледі, ал, ауызша білдірілген өтінішті сот отырысының хаттамасына немесе тергеушінің хаттамасына бұл туралы жазылуы тиіс. Тергеуші немесе сот өтінішті қанағаттандырмауы да мүмкін. Мұндай жағдайда процеске қатысушы өтінішті басқа органға немесе қылмыстық іс жүргізудің басқа сатыларында білдіре алады. Өтініш қабылданған ретте ол тікелей шешуге жатады және өтініш бойынша шешім үш тәуліктен кешіктірілмей қаралады. Сот немесе тергеуші өтінішті қабылдау туралы дәлелді қаулы шығарады. Қаулының көшірмесі өтініш берушіге беріледі. Өтінішке шағым жасауға болады. Егер жүргізілген іс жүргізу әрекеті өздерінің мүдделерін қозғайтын болса, процеске қатысушылар, сондай-ақ азаматтар мен ұйымдар анықтаушының, анықтау органының, тергеушінің, прокурордың, соттың немесе судьяның іс-әрекеттеріне шағымдана алады. Шағым қылмыстық іс бойынша іс жүргізу үшін жауапты органға немесе лауазымды адамға және заңмен уәкілдік берген адамға беріледі. Шағымға қосымша материалдар қоса тіркелуі мүмкін. Шағымданушы қылмыстық іс бойынша іс жүргізілетін тілді білмейтін болса, өзі білетін тілде не ана тілінде бере алады. Берілген шағымды оны берген адам қайтарып ала алады. Ұсталған немесе тұтқында отырған адамдардың шағымын алдын ала қамауға алу орындарының әкімшілігі арқылы беріледі.

Әкімшілік қылмыстық процесті жүргізуші органға қылмыс жасады деген сезік бойынша ұсталған немесе бұлтартпау шарасы ретінде тұтқында отырған адамдардың шағымын дереу беруге міндетті. Ұсталған немесе тұтқында отырған адамдар, егер тергеушінің, анықтаушының, анықтау органының іс әреттеріне шағым беретін болса, онда ол шағымды қамауда ұстау орындарының әкімшілігі арқылы прокурорға беріледі. Ал, прокурордың іс әрекеттері мен шешімдеріне шағымды жоғары тұрған прокурорға береді. Шағымдарды қарау кезінде прокурор немесе судья онда жазылған дәлелдерді жан-жақты тексеруге, қажет болған жағдайда қосымша материалдарды талап етуге, тиісті лауазымды адамдардан, ұйымдардан және азаматтардан шағымдалған іс әрекеттер мен шешімдерге қатысты түсініктеме алуға міндетті. Шағымды қараушы прокурор немесе судья өз өкілеттіктері шегінде қылмыстық процеске қатысушылардың, немесе өзге де азаматтардың немесе ұйымдардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіруге дереу шаралар қолдануы тиіс. Іс жүргізу органдарының заңсыз іс әрекеттері мен шешімдерінен адамға моральдық, мүліктік зиян келтірілсе, онда осы зиян өтелуге немесе жойылуға тиіс. Жоғарыда атап өткеніміздей, яғни анықтаушының, тергеушінің анықтау органының іс әрекеттері мен шешімдеріне келіп түскен шағым бойынша, прокурор шағымды алғаннан кейін үш тәуліктің ішінде қарауға міндетті. Ал , егер шағымды қарау үшін қосымша материалдар қажет болса, онда бұл туралы прокурор шағым берушіге хабардар етеді. Мұндай жағдайда шағымды қарау мерзімі жеті тәулікке дейін созылады. Шағымды қараудың нәтижесінде шағым жасалған шешімді тоқтату немесе өзгерту арқылы шағымды толық немесе ішінара қанағаттандыру туралы не шағымды қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім қабылданады[6].

Прокурордың шешіміне қарсы болған шағымданушы ол туралы хабарды алған күннен бастап бір айдың ішінде немесе оған жауап алынбаса шағым берілгеннен кейін бір ай мерзім өткен күннен бастап прокуратураның орналасқан жері бойынша сотқа қайтадан шағымдана алалы. Судья келіп түскен шағымды он тәуліктің ішінде соттың жабық отырысында қарайды. Соттың отырысына шағымданушы мен прокурордың келмеуі шағымды қарауға кедергі болмайды. Алайда сот олардың сот отырысына міндетті түрде келуін талап ете алады. Шағым бойынша прокурор сотқа материалдарды табыс етеді және шағым беруші мен қоса сотқа түсініктеме береді. Сондай-ақ, сезікті, айыпталушы, олардың қорғаушысы, заңды өкілдері прокурордың қамауға және қамау мерзімін ұзарту туралы берген санкциясына да сотқа шағымдана алады. Шағым сезіктіге немесе айыпталушыға бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алу туралы прокурордың қаулысын өзгертпейді. Судья бұл жағдайда қылмыстық істі қараушы органнан осы іске қатысты барлық материалдарды сұратып алып, жеке өзі прокурордың сезіктіге немесе айыпталушыға бұлтартпау шарасы ретінде қамауды қолдануға берген санкциясының заңдылығы мен негізділігін тексереді. Судьяның жіберген сұрауын қылмыстық ізге түсу органы алғаннан кейін үш тәуліктің ішінде орындауы тиіс[7].

Судья материалдармен танысып болғаннан кейін, сот отырысының күнін қатысушыларға хабарландырады. Отырысқа қорғаушы, сезіктінің, айыпталушының заңды өкілдері, сондай-ақ сот егер негізді деп тапса, отырысқа сезіктінің де, айыпталушының да қатысуы мүмкін. Іске қатысушылардың дәлелсіз себептермен отырысқа келе алмаса, онда бұл жағдай соттың қарауына кедергі бола алмайды. Судья тараптардың дәлелдерін тыңдап, қылмыстық ізге түсу органдарынан талап етілген қылмыстық іс материалдарын қарай келіп мынадай тоқтамға келеді: -шағымды қанағаттандырусыз қалдыру;-бұлтартпау шараларын тоқтату немесе қатаң еместеуіне өзгерту және сезіктіні, айыпталушыны қамаудан босату туралы дәлелді шешім қабылдайды. Судьяның шығарған қаулысына үш тәуліктің ішінде аталған адамдар шағымдана алады. Шағым облыстық не оған теңестірілген сотқа жолданады. Шағым бойынша облыстық немесе оған теңестірілген сот судьясының қаулысы одан әрі қарай сот инстанцияларына шағымдануға немесе наразылық келтіруге жатпайды. Бұл сот судьясының шешімі түпкілікті болып табылады.

ӘДЕБИЕТ

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы. 1995ж. 30 тамыз. 2-3 б.б.
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі. 2016ж. 35-37 б.б.
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Алматы. 2016ж. 10-11 б.б.
4. «Қазақстан Республикасының Прокуратура органдары туралы» ҚР 21 желтоқсандағы №2709 Заңы. 2015 жыл. 9 тамызындағы №346-11, 2003ж. 10 шілдедегі №483-2 заңдарымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар. 76-78 б.б.
5. Закон Республики Казахстан "Об оперативной-розыскной деятельности" от 15 сентября 1995г. №24. Вести Казахстана. 2001 г.19января. 56-58 б.б.
6. Об адвокатской деятельности Закон Республики Казахстан от 5 декабря. Алматы 2000 г. 45-47 б.б.
7. Комментарий к Уголовному Процессуальному кодексу. /ч.общая/. Жети-Жаргы. 2002г. 39-42 б.б.

ӘОЖ (347.734)

Сабырбаева Г.К. – аға оқытушы, Тынышбаев атындағы Қазақ Көлік және Коммуникациялар Академиясы (Қазақстан, Алматы қ.)
Омаров Ж. – студент, Тынышбаев атындағы Қазақ Көлік және Коммуникациялар Академиясы (Қазақстан, Алматы қ.)

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ БАНК ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ»

Банкілер дегеніміз – ақша қаржылары мен қорларды жинақтау, кредит беру, ақшалай есеп айырысу, ақшаның белгілі-бір түрін айналысқа жіберу, бағалы қағаздар шығару және олармен операция жасау сияқты т.б қызмет атқаратын экономикалық арнаулы институттар. Банк товар-ақша қатынастары негізінде пайда болады да, оның әлеуметтік экономикалық ролі қоғамдық формацияның сипатымен анықталады. Банк ісінің кейбір белгілері құл иеленушілік және феодалдық қоғамдарда бой көрсетеді. Орта ғасырда банк ісі ең алдымен Солтүстік Италияның сауда өнеркәсіпті қалаларында дами бастады. «Банк» және «Банкир» терминдерінің түбі «стол» мағынасын беретін итальян сөзінен шыққан. Өйткені ақша айырбастаушылар мен өсімқорлар операцияларды стол басында отырып жүргізген. Банк саласында мемлекеттік меншік жоғары дәрежеде дами бастады[1].

Дамып келе жатқан елдерде Банктің көптеген ерекшелігі бар. Бұрын бұл елдерде империалистік елдердің банк монополияларды үстемдік етті. Қазір кейбір елдерде ұлттық жеке меншіктік банк капиталдары дами бастады. Бұл елдерде мемлекеттің Банкті өз қолына алуы оларды ұлт экономикасын өркендету мақсатына пайдалануға жағдай туғызады[2].

Еліміз саяси тәуелділікті тоқсаныншы жылдардың басында алғанымен, экономикалық тәуелсіздік айналымға ұлттық валютамыз «теңге» кіргеннен кейін ғана келгені белгілі.

Төл ақшамызды айналымға шығару Ұлттық банк жүйесін, несие және ақша, қаржы жүйесін қайта құрудың ірге тасы болды десек ешбір қателеспейміз. Екіншіден тағы бір қиымдық банк жүйесін қайта құру елімізде жүзеге асырыла бастаған басқа да реформалармен және нарыққа өту кезеңіндегі экономикадағы толып жатқан қайшылықпен тұспа-тұс. Банк бөлімшелері жөніндегі салмақты, сындарлы саясат кем дегенде түрлі аймақтық болашағынан хабардар болуға мүмкіндік береді.

Қазақстан банкі жүйесінде қызмет ететін мамандардың интелектуалдық потенциалы қазіргі нарықтыққатынасқа дейінгі деңгейде қалған жалпы тұрғындардың негізгі бөлігінің дәл сондай потенциалынан жоғары. Сондықтан банктер өз дамуының жолында клиенттерді өтіп жатқан процестердің аясына тартып, олардың бойына жаңа мәдениетті сіңіреді. Банк өзінің атқаратын қызметіне қарай орталық эмиссиялық, коммерцилық, инвестициялық, жинақ, арнаулы салаға бейімделген банк болып бөлінеді[3].

Банктің меншік формасы жағынан акционерлік, банкир үйлері, кооперативтік, мемлекеттің араласуымен болатын аралас Банк, мемлекет аралық сияқты түрлері бар. Банк операциялары пассивті және активті болып бөлінеді. Пассивті операциялар арқылы Банк кредит беру үшін, ресурстар құрайды, ал активті операциялар арқылы осы ресурстарды пайда табу мақсатына пайдаланады. Банк операциялары неғұрлым көлемді болса, оны жүргізуге кеткен шығын да соғұрлым аз болады. Банктің шоғырлануы негізінен пайданың қорлануы арқылы банкілердің мемлекеті капиталының өсуі түрінде іске асады. Қазіргі кездегі Банк шоғырлануының ерекшелігі сол, ол формальдық түрде дербес болып саналатын банкілердің акцияларын сатып алу немесе алмасу жолымен ірі банкілер тарапынан бақылау орнату арқылы іске асырылады. Банк шоғырлануының мұндай түрі, әсіресе АҚШ-та тараған.

Банкілік қызмет «Банктертер және банкілік қызмет туралы» заңның 30-бабында көрсетілгендей банкілік операцияларды және басқа да, заңда көрсетілген, операцияларды іске асыру болып табылады. Субъектілік приципте негізделе отырып, кез-келген операцияны банкілік деп тануға болады, себебі банкілік операцияны басқа, банктер тағы, үйлерді жалға алады, яғни банкілік операциялармен қатар, банктер басқа да іс-әрекеттерді жүзеге асырады. Екінші принципті ретінде пәндік принциптерді алуға болады, және осы жерде біз банкілік операцияның не екенін айтып кетуіміз керек. Жоғарыда аталған операциялар жүргізу үшін банкілерге және басқа заңды тұлғаларға лицензияны Ұлттық Банк қана құқылы. Осы баптың 2-тармағында аталғаннан басқа банкілер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар. Жоғарыда көрсетілген, екінші топ көрініп тұрғандай басқа да ұйымдардың құзыретіне кіреді. Сол себептен соларды тек банктік қызметіне, банктерге жатқызуға болмайды.

Осы баптың 4-тармағында банктердің бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызметінің мазмұны ашылып көрсетілген.

Банктер және банкілік қызмет туралы заңда «Операция» терминімен қатар «Мәміле» деген термин қолданылады. Сонымен, еңді осы екі терминдер арасындағы қарым-қатынасты қарастырайық. Кең көлемде, үлкен ұғыммен қарастыратын болсақ, онда ол кез-келген банктердің іс-әрекеттері, және де жоғарыдан белгілі болғандай субъектілерге қарап операцияларды бөлуге өте қиын, сондықтан заң шығарушы органдар осыған көп көңіл бөледі. Сонымен мемлекет мүмкін жалпы банктік операциялар анықтамасымен байланысты болмаса да, банктерге шектеулер қояды. Тар мағынада банк қызметін тікелей банк операцияларын іс жүзіне асыруды айтамыз, яғни «Банктертер және банкілік қызмет туралы» заңда көрсетілгендей, фактілі және заңды немесе юридикалық әрекеттер. Аталған әрекеттерді тек банктер іс жүзіне асыра алады[4].

Егер банк қызметін тұтас құбылыс ретінде қарастыратын болсақ, онда оны анықталған банк операцияны жүргізу арқылы, ақша немесе басқа қаржы құралдары арқылы, іске асатын банктік кәсіби қызметі деп айтуға болады, ал ол сонымен қатар ҚР Ұлттық Банктің лицензиясына ие болуы тиіс. Негізінен банк қызметін басқа кәсіби қызметтерден бөліп қарастыру қажет, біріншіден, кәсіпкерліктің жалпы субъектілерден, осы ұйымдар тобы үстімен мемлекеттік қадағалауды және реттеуді қамтамасыз ету үшін.

Кәсіпкерлік субъектілерден банктерді келесі белгілері, жағдайлары айырады, олардың функциялары немесе қызметтері депозиттер алу, кредиттер беру және мемлекеттегі төлем айналымына жәрдем беру немесе қолғабыс. Мемлекет өз тарапынан,

жариялы түрде, банк статусын ие болмаған заңды тұлғаларға «банк» деп аталуына немесе өзін банк қызметімен айналысатын ұйым деп атауға тыйым салады. Кез-келген банк операциясын жасауы үшін лицензияға ие болу керек, банкі болып табылмайтын кез-келген заңды тұлға кәсіби қызмет негізінде лицензиясыз, негізінен, банк операцияларын яғни «Банктер туралы» заңның 30-бап 2-тармағына сәйкес іс жүзіне асыра алмайды[5].

Сондай-ақ, банк операцияларын жүргізу үшін ҚР Ұлттық Банктің лицензиясына ие болмаған заңды тұлғаларға, банк операциялар категориясына кіретін қызметіне жарнама жасауға тыйым салынған.

Осыған байланысты келесі жағдайды айта кету қажет, соңғы жылдары әр түрлі қаржы топтар, ұйымдар, халықтық ақталып тұтындыратын, бірақ банкі болып табылмайтын ұйымдар саны көбее түсті. Халық өз ақталып тұтындырып көбінесе процестер арқылы немесе әр түрлі басқа мүліктік игіліктері арқылы, аталған ұйымдар негізінен банк операцияларын жүзеге асырады; олар кредиторлар сұранысып қанағаттандыру үшін жеткілікті жорғылық қорға ие болмайды. Олардың қызметі пирамидалық принципті негізінде салынған, басынан бастап көбінесе қылмыстық бетілеріне не болып отырады. Халық мүдделерін қорғау тарапынан мемлекет аталған қызметке тыйым салуы тиіс.

Реттеу қызметі ол, А.М. Витченко айтуы бойынша, «заңды құқықтардың анықталуы және қатысушылар міндеттері, құқықтармен міндеттерін сақтауменен байланысты, мемлекеттің қоғамдық қатынастарға әсер етуі» болып табылады.

Келесі жағдайда ұмытпауымыз керек, банк қызметтерінің мемлекеттік реттелуі сол мемлекеттегі орын алып отыратын банкілік жүйе тегінде жүзеге асырылады. Мемлекет нақты орын алған банк жүйесіне байланысты белгілі бір құқықтармен қатысушыларды қамтамасыз етеді және міндеттерді анықтады.

Банк жүйесінің салынуына байланысты келесі үш моделін немесе түрін бөліп қарастыруға болады:

Мемлекеттік моделі;

Мемлекеттік емес моделі;

Аралас моделі;

Банкілік жүйенің екінші моделі жеке меншік банктерге негізделген. Аталған банк жүйесінің моделі барлық мемлекеттерде орын алып отырған деп айтуға болады, өйткені банкілік ісінің өзі жеке меншік қызметі ретінде пайда болған немесе жеке меншік кәсіпкерлік деп те айтуға болады. Ал еңді банкілік жүйесінің үшінші моделіне келетін болсақ, қазіргі кезде аралас моделі көп тараған болып келеді, яғни оңдай моделі орын алған кезде мемлекеттік және жеке меншік банктер болады. Мемлекеттік банктерді мемлекеттік органдары болып табылады, жеке меншік банктердің үстінен билік ету, реттеу құзыретіне ие, мемлекеттің ақша-кредиттік саясатын жүргізеді [6].

Жеке меншік банктерге келетін болсақ, олар кәсіпкерлік қызметінің субъектілердің ерекше түрлері болады.

Қазақстан Республикасындағы банкілік жүйесінің ерекшелігіне тоқталатын болсақ, мемлекетімізде екі Қазақстан Республикасының орталық банкі болып табылады, және республикадағы банкілік жүйесенің бірінші жоғарғы деңгейін құрайды.

Банкілік жүйенің бірінші деңгейіне келесі функциялары тән болуы қажет, яғни кредиттік нарықты ұйымдастыру және ондағы кәсіби қызметін іс жүзіне асыруға байланысты функциялары. Банк қызметі кәсіпкерлік қызметінің түрлерінің бірі болып табылады. Банк кез-келген операцияларды жүргізген кезде, соның ішінде банк операцияларының өздерін, біріншіден пайда табуды көздейді. Сол сияқты, банк кредиттердің ақша тұрпатында берілген үшін сыйақының көлемін белгілейді, банкілік кепілдіктермен қамтамасыз етеді, жеке және заңды тұлғалардың атынан төлемдерін жүргізеді. Банк, өз кезегінде, өз атынан қызмет етеді. Бірақ сонымен қатар банк қызметінің кәсіпкерліктің бір түрі болғандықтан, оның өзіне тән ерекшеліктері орын алады, олар келесілер:

банк қызмет ету борышында тек қана өзінің ақша мүлігін қолданады, яғни қауіп белгілі бір көлемде оның қатысушыларына төледі;
банк операцияларының іс жүзіне асырылуы мемлекеттік кредит-ақша саясат жүргізіліуінің маңызды элементі, бөлігі болып табылады;
банк қызметі ерекше құқықтық реттеу тәртібіне ие.

Банктердің кәсіпкерлік қызметінің қаупі қатысушыларына да тиуі мүмкін. Енді осы мәселеге тоқталайық. Кез-келген жеке немесе заңды тұлға өз ақталып банк коммерцияның ұйымға тұтындырып болса, ол ақшасын банкке еңдіріп, халыққа көмек көрсету және пайда табу үшін қолданатын білуі тиіс. Кез-келген жеке немесе заңды тұлға ақшалы банк қызметіне тұтындырып оның банк операцияларын жүргізілу үшін пайдаланатынын білуі тиіс. Осы жағдайлар мен мәселелерді еске ала отырып жеке немесе заңды тұлға өз ақшасын, әрине, жақсы, тұрақты банкке тұтындыратыны дұрыс. Айта кету керек, ақшалар физикалық сақтау үшін берілмейді, яғни белгілі бір пайда көлеміне ие болу үшін, осы жағдай банк төлемінің мәселесін азаматтық-құқықтық сақтау мәмілдеп айыратыны мәлім. Міне, сондықтан, біздің ойымызша, ақша жұмылдырушылары, қатысушылары алдын ала банкінің кәсіпкерлік қызметінің қазіріне төндіріледі.
Айтылған мәселелер кәсіпкерлік қауіпі анықтамасымен нақтыландырылады, яғни жұмылдырушы, банк қызметін қатысушы жоқ, тарап пайда таба алмауына, ақтарып айырылу мүмкіндігіне көзі жетуі тиіс. Осы тұрғыдан, біздің ойымызша, «Банктер туралы» заңның-бап 2-тармақпенен бекітілген ереже әділ болып табылады.
Көрсетілген ереже бойынша, мемлекет банктердің міндеттемелеріне жауап бермейді, тек қана егер мемлекет ондай жауапкерлікті өзіне алмаса немесе мемлекеттік банктерге қатысты мемлекет жарғылық қорға тұтындырып мүмкін көлемінде жауап береді. Жалпы осы жұмыстың келесі бөлім, тарауларында біздің банкілік қызметі қоғамдық өмірдің көбіне кең көлемде шектелген саласы екеніне көзіміз жетеді, көптеген заңды, юридикалық әдебиеттерде көрсетілгендей, «банкілік қызметі, мемлекет тарапынан, көптеген шектеулерге ие, ел шектеулер анықталған қоғамдық, жария, құқықтық функциялары іс жүзіне асыру үшін керек, солардың ішінде ақшалардың басылып шығарылуы, төлем-ақшалық жүйені ұйымдастыру, қаржы саласындағы қызметті қадағалау және реттеу, жалпы мемлекеттік төлем жүйесін ұйымдастыру, валюталық қадағалау және тағы басқалары».

Келесі сұраққа жауап беруге тырысайық. Мемлекет тарапынан банк қызметінің сондай қатал реттелудің себебісі неде?

Осы жоғарыда көрсетілген сұраққа жауап беру үшін банкілердің қоғамдық маңыздылықтарына мән беруіміз керек. Банктер миллиондаған адамдардың ақшаларын сақтап тұрады. Банктер кредитте жеке және заңды тұлғалардың қажеттіліктерін өтеп тұрады, жай судаларынан басталып және ұзақ мерзімді проектілерге кең көлемді қаржылық салулармен бітіп. Банктер заңды тұлғалардың арасындағы төлемдер орталығы болып келеді.

Айтылған мәлімет тең дәрежеде барлық мемлекеттердегі банкілік қызметіне қатысты болып табылады. Сонымен, американдық ғалымдар мен кәсіпкердің ойынша, «Мемлекеттік реттеуді арқылы қатысушыларды қаржылық қаупінен ұмытылады және экономика үшін зақым келтіруі банктердің банкроттығына жол бермеуіне ұмтылады».
Банкілік қызметінің мемлекеттік реттелуі күрделі экономикалық құқықтық құбылыс болып табылады. Сөзсіз, мемлекет экономикалық жүйесінің тұтастығын қамтмасыз ететін, кейбір экономикалық функцияларды өзі атқарып экономикалық қатынасының субъектісі болып табылады[7].

Мысалы, мемлекет ақша айналымы өзі іс жүзіне асырады. Экономикалық қатысы, байланыстардың күрделеніне байланысты мемлекет көбінесе шаруаның өмірге араласады. Оны нарық экономикалық туындайтын активті теңденциялар қарсы шығу, жол бермеу мақсатында іс жүзіне асырады. Біз экономикалық мемлекеттік реттелуі туралы айтқанда,

соның ішінде банкілік саласында, тек қана жай мемлекеттік емес, жария құқығының қолданылуы арқылы экономикалық мемлекеттік құқықтық реттелуін айтамыз. Өзіміздің құқығында құқықтық жария және жеке болып бөлінуінің орын алмауына байланысты туындайтын дауларды алдын ала қарастырып, біз сонда да ондай бөліністің жемісті, маңызды болғанына сенеміз; ол объекті түрде өмір сүреді, орын алады деп айта аламыз. Әрине, мемлекеттің шаруашылық өмірге араласуы күше түсуіне құқықтарының арасындағы айырманың жоғала басталады, бірақ сонда да әрдайым жария-құқықтық немесе жеке меншік құқықтық нормаларды айыра білуге болады. Жариялы және жеке меншік құқық тек қана институттар және де нақты құқықтық нормалар дәрежесінде түсінуге болады [8].

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы және Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы заңдарына сәйкес Ұлттық Банк екінші деңгейдегі банктерге және олардың филиалдары мен өкілдіктеріне қатысты бақылау, қадағалау және реттеу функцияларын жүргізетін және өзінің (Ұлттық Банктің) берген лицензиясы негізінде банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын барлық банктердің міндетті түрде орындалуға жататын нормативтік актілер шығаратын бірден бір мемлекеттік мекеме болып табылады.

Сондықтан Қазақстан Республикасында банктердің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етіп, мемлекеттің ақша–кредит жүйесінің тұрақтылығын қолдау, сондай–ақ банк салымшылары мен кредиторларының мүдделерін қорғау мақсатында Ұлттық Банкке екінші деңгейдегі банктерді бақылайтын, қадағалайтын және реттейтін құқықтар берілген. Банкілік қадағалау банк қызметін реттеуді, қадағалауды, сондай–ақ бақылауды жүзеге асыруға жағдай жасайтын құқықтық нормативтік актілерге сүйенеді.

Қазақстан Республикасында банктердің қызметін реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын құқықтық нормативтік актілерін үш деңгейге бөлуге болады.

Бірінші деңгейге Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі және «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банк туралы, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы, «Қазақстан Республикасында бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеу туралы, және Қазақстан Республикасының «Лицензиялау туралы, «Аудиторлық қызмет туралы, «Банкроттық туралы, «Валюталық реттеу туралы, «Төлемдер және ақша аудару туралы «Акционерлік қоғамдар туралы, «Бағалы қағаздар рыногы туралы, «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы заңдарды жатқызады.

ӘДЕБИЕТ

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы, «Жеті–Жарғы» 1998 ж. 35-38б.б.

2. «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банк туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 1995 ж. 30 наурыз. 25-27 б.б.

3. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Заңы 1995 ж. 31 тамыз. 48-49 б.б.

4. «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 5 наурыз 2001 ж. 78-80 б.б.

5. Банковское дело. Под редакцией Бабичевой Ю.А . М., Экономика, 2003 г.128-130 б.б.

6. Мухитдинов Н.Б., Найманбаев С.М. Қаржылар саласындағы басқарудың құқықтық негіздері. Алматы, 2004 ж. 180-185 б.б.

7. Ақша несие банктер. / Под редакцией Сейткасимова Г.С. /, Алматы, «Экономикаң. 2001ж. 345-346 б.б.

8. Көшенова Б.А. Ақша, несие, банктер, валюта қатынастары. Алматы, «Экономикаң. 2000 ж. 28-29 б.б.

ӘОЖ 2(574)

Қанағатов М. Қ. – аға оқытушы, Тынышбаев атындағы Қазақ Көлік және Коммуникациялар Академиясы (Қазақстан, Алматы қ.)

Жылқыбай Қ. – студент,Тынышбаев атындағы Қазақ Көлік және Коммуникациялар Академиясы (Қазақстан, Алматы қ.)

ЖАТ ПИҒЫЛДАҒЫ ДІНДЕРМЕН КҮРЕСУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазіргі таңдағы қоғамдық және әлеуметтік қарым-қатынастардағы діннің рөлінің күшеюіне, жаһандық және саяси ареналардағы діни ықпалдастықтың артуына байланысты дін өз кезегінде адамдардың тек ішкі рухани әлемі, қарапайым моральдық құндылығы болып қана қоймады. Белгілі бір мүдделелі топтардың мақсатына орай қызмет жасағанда дін өзінің моральдық, рухани құндылықтарынан айырылып, басты бағдарынан ажырай бастайтындығы көпшілікке түсінікті жағдай. Осындай белгілі бір мүддені көздейтін топтар өз кезегінде қазіргі біздің елімізде де көрініс табуда. Дін атын жамылған топтар, қоғам мен мәдениеттің әртүрлі салаларында саяси, идеологиялық, экономикалық мақсаттарға қызмет жасауда. Қазіргі таңдағы қоғамның діни құндылықтарға деген ұмтылысы, қажеттілікті қанағаттандыруға деген талпынысы діни құндылықтардың қайта жандануына мүмкіндіктер жасауда. Дін таңдаудың өзі белгілі бір білімді, талпынысты, қажеттілікті талап етеді, бірақ сол таңдаудың дұрыстығы мен бұрыстығына баға беру өте қиынның қиыны.

Адам өмірге келеді, кетеді. Ал, заман ағымы тоқтаусыз, өз жолымен жалғаса бермек. Қазіргі тәуелсіз еліміздің ең басты себепшілері ата бабаларымыз кезінде соғысты да, ашаршылықты да, небір қиын кезеңдерді де көрген, басынан кешірген. Содан бері қаншама жыл өтті. Қазір заман өзгерді, жағдай түзелді. «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман» келді деп отыратын үлкендер. Дегенмен бейбіт заманның қадір-қасиетін түсіне алмай жүргендер жеткілікті деп ойлаймын. Қазіргі күннің ең өзекті мәселесі: аштық та емес, жоқтық та емес, адамның санасын улап, ойын сан саққа сарылтқан әртүрлі ағымдағы діндер. «Адам баласын заман өсіреді, кімде кім жаман болса, оның замандасының бәрі кінәлі. Мен егер заң қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім»,- деп Абай атамыз өзінің отыз жетінші қара сөзінде айтып кеткен болатын. Әр адам өмірге келген соң, тек қана күнкөріс қамымен жүрмей, ертеңін ойласа деп Елбасымыз айтқандай, өмір бар жерде өлім барын, жұмақ бар жерде тозақ барын есінен шығармау керек деп ойлаймын. Қазіргі кезде түрлі діни ағымдар мен теріс жолдарға жастарымыздың түсіп кетуі, қатігез жандардың торына шырмалуы, менің ойымша иманның жеткіліксіздігінде, діни сауаттың төмендігінде. Соның нәтижесінде құлқының қамын ойлап, ұрлыққа, қатігездікке барып, имандылықты ұмытып жүргендердің саны қаншама?! Бұған дәлел жер жерде болып жатырған қақтығыстар, бала ұрлау, жарылыстар мен көтерілістердің жиі болуы. Бейбіт заманда өмір сүрсекте ел ішіне іріткі салып, жастардың басын дуалап, ата-анасына қарсы қойып, теріс жолға түсуі түбінде бұрынғы соғыс кезіне әкеп соқтырады десем, қателеспейтін шығармын.

Қазақ қоғамын қазіргі күні діни ахуал толғандырып отырғаны жасырын емес. Әртүрлі діни ағымдардың насихаты белең алып, жастарды Ислам дінінің асыл қасиеттерінен адастыруда. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с) салып кеткен тура жолдың бұрмалануы әсерінен кейбір адамдардың дін жөніндегі пікірлері қарама-қайшы болып кеткен. Осы жағдайда, дінді түсіну, ұғыну, ұстану түсініктерінің аясында барынша ақиқат формадағы танымды басшылыққа алу қажет. Қазақ халқының көрнекті ағартушысы, ғұлама ақыны Абай Құнанбайұлының «Ғылым таппай мақтанба» атты өлеңінде айтуындағы:

«Білгендердің сөзіне Махаббатпен ерсеңіз.

Ақыл сенбей сенбеңіз, Бір іске кез келсеңіз.
Ақсақал айтты, бай айтты,
Кім болса мейлі, сол айтты
Ақылменен жеңсеңіз» деп келетін жолдарда, кез келген таңдауда ақыл мен парасатқа жүгіну керектігін алға тартып, жол көрсетуде.

Бүгінгі таңда еліміздегі ең өткір тұрған дін мәселесі кім-кімді де ойландырары haқ. Мұсылман бауырларымыздың, әсіресе, қазақ жастарының соқыр сенім мен жалған ақпараттың құрбаны болуы болашақ ұрпаққа өз көлеңкесін түсірері сөзсіз. Қазіргі кезде жасыратыны жоқ, дәстүрлі діннен бөлек, санамызға сай келмейтін ағымдар кең етек жаюда. Егер күресу жолын іздер болсақ, біз ең алдымен себебін іздеуіміз керек. Менің пікірімше бұған себеп: теріс ағымда жүрген барша жастардың Пайғамбарымыздың салып кеткен алтын дінінің тізбегінен білім алмаған жандардан дәріс алуы. Яғни, олардың ұстанып отырған бағыттары Пайғамбарымыз ұстанған наным сенімімен ұштаспайды. Діни білімнің жеткіліксіз болуы адасушылыққа әкелетін үлкен себептердің бірі. Имамдарымыз ардақты дінімізді мешіттерде, арнайы сабақтарда түсіндіруі қажет. Адамдар білімдерін үнемі жетілдіріп отыратыны секілді, діни білімдерін де күшейтуді көздеуі керек. Ал білімсіздікке ұшырағандарға дініміздің дұрыстығы мен қате діндердің ара жігін ажыратып беретін, түсіндіретін имамдар болмаса, әрине жат ағымның жетегінде кетеді. Тағы бір себепті іздер болсақ, ол басшылықпен байланысты деп ойламын. Үкімет тарабы бұл мәселеге салғырт қарамауы керек. Егер де жат ағымдағы топтар шығып жатса олармен тығыз жұмыс жүргізілсе, мәселенің оңай шешілетіні анық. Ендігі уақытта осындай топтардың жат насихатына тосқауыл қоюда мемлекет бір жұдырық болып қарсы тұрса ғана бөтен ағымның, бөтен мемлекеттің идеологиясымен жастардың санасы уланбайды деп сенемін. Қайта дінге деген көзқарас өзгеріп, асыл дінімізден алшақтау болмас еді.

Діни жат ағымдармен күресу жолдарын ең бірінші ақпараттық құралдарда діни ақпараттардың көп мөлшерде айтылуынан бастау керек. Егер ниет етіп, дінге бет бұрамын деушілер болса, ең алдымен мешіттің имамдарына, ұстаздарға барып дәріс алған жөн. Дұрыс бағыттағы бейнежазбаларды тыңдаған дұрыс және БАҚ саласының өкілдері де діннің асыл құндылығын жариялап отыруы абзал. Жат пиғылдағы діни ағымдармен күрес өз кезегінде мемлекеттік бағдарлама сипатында болғанымен де, жалпы халықтың қолдауымен, жеке адамдардың дәстүрлі ұлттық құндылықтармен ұштастыра алуымен жүзеге асады. Сондықтан да қазіргі таңда басты мәселелердің бірі болып, көпшіліктің таңдауына дәстүрлі діни түсініктерді сіңіре білуде болып отыр. Яғни діни ұстанымды белгілі бір мүдделерден ажыратып, ұлттық құндылықтармен нақыштап, мәдениеттің бір ажырамас бөлігі екендігін айшықтау маңызды саналады.

Ұлт болып аталған індетке қарсы тұру мақсатында баршамыз бірігіп, «бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығаруға» міндеттіміз. Бұл мәселеге көз жұма қарамай, қайта оны мойындап, баршаның назарын осы мәселеге аударуымыз керек.

«Заман зұлымдықты көтермейді»

«Заман жаман дейсің, өзің қосқан үлес не?» дейді халық даналығы. Осы даналықты ескерер болсақ, әрбір азаматтың еншісіндегі басты міндеті мен құқығы кез келген діни ағымның басты мақсаттары мен мүдделерін айқындау болып саналып, таңдау барысында барынша абай болуы керек. Әрине заң аясына келер болсақ, әрбір азаматтың өзінің таңдау еркіндігі мен құқығы бар екендігін білеміз, бірақ ол еркіндік адамға өзін адастыруға, басқаларға кері сипаттағы діни ағымдарды үгіттеуге еш мүмкіндік бермейді, сондықтан да, қай салада болмасын мәдениетте де, рухани-моральдық құндылықтарда да, саяси-әлеуметтік қарым қатынастарда да діннің өзіндік орнын ескеру шарт.

Халықты имандылыққа шақыру тек қана имамның жұмысы емес. Бәрі де бір біріне ықпал етуі керек. Әсіресе, біздер, жастар, алған біліміміздің дұрыс мақсатқа пайдалана білейік.

Еліміздің болашағына, ұрпағымыздың ертеңіне пайдалы іс жасайық. Діни экстремизм деп жүріп, қадірлі дініміздің алыстап кетпейік.

Қаблиса (Қабан) жырау:

Бақыт, қайда барасың?
Шариғат сөзін тыңдаған,
О дүниені ойлаған,
Аллаһты үйге барамын.
Бақыт, қайда барасың?
Сыйлай білген молданы,
Діннің жолы қорғаны,
Бісмілләлі үйге барамын.
Бақыт, қайда барасың?
Соғысқа құмар ойы жоқ,
Ұлан асыр тойы көп,
Бейбіт елге барамын, – деген екен

Қорыта келе айтарым, қазіргі таңдағы діннің қаншалықты көптүрлілік сипатқа ие болғандығын ескерсек, әлемдегі діни ахуалдың руханилық төңірегінен шығып, саяси және идеологиялық мағынаға көшкендігін ойға түйіп ара салмағын ажыратсақ, дін таңдау, жат пиғылдағы діни ағымдардың шын бет-бейнесін ажырату қазіргі өткір мәселеге айналып отырғандығы мәлім. Сондықтан да таңдау барысында, барынша объективті ақпарат құралдарынан білім алуға ұмтылу, барынша ақыл-парасат таразысына салып түйсіну, дәстүрлі ұлттық құндылықтарымыздан ажырамау жат пиғылдағы діни ағымдардан сақтанудың, олармен күресудің басты құралдары екендігін айқындайды.

ӘДЕБИЕТ

1. А. Құнанбаев.Өлеңдер, поэмалар, аудармалар мен қара сөздер. Алматы: Жібек жолы, 2005. Б. 488.

2. Омаров, Талғат. Ислам дінінің рухани және этикалық құндылықтары//Ислам және өркениет. - 2015. 21-30қыркүйек (№24). - Б. 11

3. Жетесов Б.С. Ислам дінінің адамгершілік этикалық жарықтары// ҚазҰУ хабаршысы. Философия. Мәдениеттану. Саясаттану сериясы. 2009. №2. Б.67-69.

УДК-316

Италмасова Р.Б. – доцент, Казахская академия транспорта и коммуникаций им. М.Тынышпаева (г. Алматы, Казахстан)

Наубаева А. – студент, Казахская академия транспорта и коммуникаций им. М.Тынышпаева (г. Алматы, Казахстан)

СОЦИАЛЬНЫЙ ПОРТРЕТ СОВРЕМЕННОЙ СТУДЕНЧЕСКОЙ СЕМЬИ В РК

Проблемы семьи и брака были и остаются актуальными для любого общества. Своевременными они являются и для независимого Казахстана, в частности, нас интересует социальный портрет молодой семьи, члены которой являются на момент опроса студентами самого разного уровня образования.

Очевидно, что многими социологами изучается данная проблема, как ориентир выступают российские исследования в лице А. И. Антонова, В. Шеховцова, О. Безрукова,

В. Бодрова и т.д. В казахстанской практике это Жаназарова З.Ж., Садыровой М.С. и т.д. В их работах представлен весомый анализ состояния современной семьи, актуальных проблем, причин ее формирования и распада и многое другое.

В целом можно выделить общие тренды, характерные как для казахстанской, так и российской практики. Последний факт связан со схожим уровнем жизни, материальных, социальных условий существования людей. К основным трендам можно отнести: 1. Повышение количества межнациональных браков, 2. Материальный интерес как условие брака, 3.Формирование эгалитарной, нуклеарной, малодетной семьи в городах и эксплуататорской, расширенной, многодетной в сельской местности. 4. Увеличение количества разводов по причине материальной неустроенности и отсутствия психологической выносливости современных брачующихся. 5. Появление и постепенное распространение разных форм брака, нехарактерных для светского социума.

Для казахстанской семьи немаловажным следует отметить и религиозный фактор, как условие создания и сохранения семьи, причем, не в поверхностной форме данный фактор находит свое выражение, но и в радикальной. Этот факт не может не настораживать, потому что демонстрация и требование этого в молодой религиозной семье будет иметь склонность не только закрепляться, но и распространяться на всех ее членов без исключения в том числе на детей.

Поскольку молодежь в Казахстане представляет собой весьма большую социальную группу и составляет примерно около 30% от общего числа населения страны, объектом своего исследования мы выбрали студенческую молодежь, получающую образование в высших школах страны. Данная категория нам интересна была по ряду причин и первая из них – это социальные перспективы, социальный потенциал данной категории обучающихся, вторая их численное преимущество по сравнению со студентами колледжей 520 371, учащимися профессиональных технических заведений 64 814.

В настоящее время в вузах Казахстана обучаются 571 691 человек. Учитывая тот факт, что студенты колледжей по их окончании в своей основной массе продолжают обучение в высшей школе уже на средних курсах, то естественным выглядит сосредоточенность нашего исследования на таком специфичном объекте, как студенчество вузов, в том числе, и как профессиональной элите общества в недалеком будущем.

Вместе с тем, осознание того, что тема исследования была достаточно обширна и в некоторой степени размыта, было решено акцентировать внимание исследовательской группы на одном аспекте религиозного действа – это изучение влияния Интернет на религиозные установки, мировоззрение студентов вузов РК и потенциала религиозной социализации посредством Интернет в целом.

Как следствие была сформирована рабочая гипотеза, согласно которой религиозная социализация студентов высших учебных заведений посредством Интернет не просто возможна, но и обязательна. Более того она может стать ключевым фактором в противовес традиционным способам религиозной социализации по мере роста молодых пользователей в стране.

Объекты исследования по данной тематике мы опрашивали согласно восьмиоконной выборке, акцент в которой делался на равномерно между экспертами разных уровней и непосредственно самими студентами.

Суть восьмиоконной выборки – это построение модели качественной выборки до выхода «в поле» на основе изучения статистики и вторичной информации. Цель модели выборки – создать логическую схему выбора респондентов, которая способна обосновать количество информантов и причины их отбора в соответствии с целями и задачами исследования. С помощью рефлексии своих представлений до начала полевого исследования через Интернет. Кроме того, конструируется другие типы информантов для интервью, которые отличаются от типичных по ряду социально-демографических

характеристик, но также, преимущественно, получают представления о традиционном и классическом исламе через Интернет. Данная модель также предусматривает определение количества и качества экспертов, компетентных в данной теме.

Подавляющее большинство респондентов с полной уверенностью высказали мнение, что ключевой и самой большой в религии социальной группой является молодежь и указали примерный возраст этих молодых людей – от 20 до 35 лет.

Если для советской социальности была характерна иная тенденция, когда представители старшего поколения, в основной массе – пенсионеры, люди, которые уже не являлись социально активными, то в настоящее время ситуация складывается с точностью до наоборот. И, учитывая социальный прогрессивный потенциал молодых людей с высшим образованием, прогнозировать усиление роли и влияния религиозных институтов и возможных на этой почве конфликтов представляется логичным.

Распределение ответов экспертов на вопрос «Во что верит современная молодежь?» показывает, что относительное большинство молодежи верит в «религию». Далее с меньшим показателем следует ответ «молодежь разная, есть верующие, и не верующие». Следует отметить, что некоторые эксперты даже затруднились ответить на данный вопрос. На счет «устойчивости религиозности у молодых людей» однозначной позиции выделено не было. Одни считают, что это так называемая «мода» среди молодых людей, а другие утверждают обратное.

- *«Религия никем не навязывается. Невозможно отобрать то, что сидит у тебя внутри. Кто-то говорит это «модно», но это не так. Невозможно ради «моды» пять раз в день читать намаз, встать в 4 утра, поститься в такую 40- градусную жару».*

Ответы на вопрос «об отличии поведения верующего человека от обычных людей» среди экспертов распределились следующим образом:

1) На первом месте по частотности вариант ответа - «отличается своей верой, своими действиями, поведением и мировоззрением»;
2) Немногим менее вариант - «отличается толерантностью, гуманностью, миролюбием»;
3) И на последнем месте вариант - «отличается внешним видом».

На не менее актуальный вопрос о необходимости демонстрации своих религиозных воззрений через внешние признаки были получены следующие ответы об отсутствии необходимости подобной демонстрации.

«Это не наша культура. Это культура арабов – носить «хиджаб».

и в то же время присутствует иное мнение:

«*подражать Европе не стоит. У нас есть своя культура, своя одежда. Можно одеваться «модно», красиво и со вкусом не открывая постыдные места. Закрывать постыдные места – сунна, но не более. Нужно демонстрировать свою религиозность через морально-этические нравственности, через поступки и содеяния».*

Ответы же на вопрос «Почему Вы носите - не носите религиозную одежду?» показали, насколько вышесказанное соответствует их практике. Большинство экспертов не носят религиозную одежду, так как нет необходимости надевать религиозную одежду, поскольку они живут в светской стране, работают в государственных и иных учреждениях.

- *«Не хочу афишировать. Главное, чтобы в сердце была религия, а не в одежде».*

Анализируя текущую ситуацию в стране можно заметить позитивное отношение респондентов к росту уровня религиозности в современном казахстанском обществе. Но вместе с тем их беспокоит и возможности деструктивных религиозных организаций,

течений вступающих в конфликт с исторически сложившимся исламом еще в традиционной степи.

В своем исследовании мы большое внимание уделили фактору веры большое значение в связи с актуальностью и ростом эксплуатации исламской в основном религии в качестве глобальной угрозы для современных социумов.

Следующими немаловажными акцентами для студенческой семьи выступают – возраст вступения в брак, средний возраст составил 23 для девушек и 27 для мужчин. Также причина вступления в брак. Респонденты отметили 2 противоположные, но по значимости весомыми – это материальная заинтересованность будущих супругов и моральный аспект (чувство любви, сопереживания, моральной помощи). Оба этих фактора являются решающими при заключении брака и создания семьи. Следующим фактором респонденты отметили образование, материальное положение семьи, уровень и структура ее дохода. В качестве источников дохода выступают – стипендии, заработки, помощь родителей. Практически все члены семьи либо один из них, преимущественно мужская часть совмещают учебу с работой. Однако данное обстоятельство не является обузой для студентов, в интервью студенты отзывались о необходимости заботиться друг о друге положительно. И самооценка студентов демонстрирует, что практика семейной жизни позволила студентам стать более самостоятельными, отвественными, серьезно относиться к вещам, которыми ранее они не интересовались. В основном, это касается трепетного отношения молодых к своему потомству, преимущественно это малодетные студенческие семьи. Немаловажным условием является и национальный фактор, где казахская молодежь особенно сельская отдает предпочтение представителям коренной национальности в отличие от городской молодежи. В силу специфики демографической ситуации в стране женская половина вынуждена искать новые пути для создания семьи путем выхода замуж либо женитьбы на представителях других наций. Если некоренное население вступает в брак с целью успешной социализации в современном казахстанском обществе, то представители коренного населения преследуют отличные цели. Это и решение нехватки мужского населения и желание изменить свой статус с одинокой молодой жещины (понимаемой как неуспешной в социальном плане) на замужней (как успешной).

Таким образом, социальный портрет современной студенческой семьи складывается из следующих факторов: доходов, социальных перспектив, моральной стороны и социальных установок навязываемых обществом, что одиночество не является нормой, а скорее серьезной проблемой.